ЗАҢ газеті

zangazet@mail.ru

№62 (3387) 6 тамыз 2021

ZANMEDIA.KZ

Қоғамдық-саяси, құқықтық газет

ҚАЗАҚСТАН ТӘУЕЛСІЗДІГІНЕ 30 ЖЫЛ

БҮГІНГІНІҢ БАС ТАҚЫРЫБЫ

ТОКИО ОЛИМПИАДАСЫ: ЖЕҢІСТЕР МЕН ЖЕҢІЛІСТЕР

Дүние дүбірге толы. Әлем назары Токио олимпиадасында. Қазақстанның да үкілеген үміттері ел намысын қорғауда. Олимпиада алауы жағылған сәтте Қазақстан құрамасы өздерінің ұлттық нақышта тігілген спорттық киімдерімен әлем жұртын тамсандырған-ды. Қазақстан туын алып шыққан Қамшыбек Қоңқабаев (бокстан ұлттық құраманың капитаны) өзінің батыр пішіндес кескін-келбетімен көрермен көзін сүйіндірсе, Ольга Рыпаковаңың (жеңіл атлет) сұлулығына тамсанып, «ең әдемі ту ұстаушы» атағын беріп, тіпті жапондар Рыпаковаңың аниме бейнесін салып, интернетті шулатты. Мұның бәрі алыста алаңдап отырған жұрттың көкірегіне зор мақтаныш ұялатқан-ды. Алайда, жарыс алаңынан жетіп жатқан соңғы жаңалықтар өрекпіген көп көңілін басып, «бақ шаба ма, бап шаба ма?!» дегізуде. Үлкен додадағы әрбір жетістік тоқтаусыз еңбектің жемісі екенін ел мемлекет қоржынына түскен алғашқы қолалардан-ақ аңғарған.

(Соңы 5-бетте)

НОТАРИАТ САЛАСЫНДАҒЫ ЖАҢАШЫЛДЫҚТАР

6-бет

ҚОРҚАУ

8-бет

МІНБЕР

СОТТЫҢ БЕДЕЛІ – МЕМЛЕКЕТТІҢ БЕДЕЛІ

Сот-құқықтық реформасы еліміздің әрбір азаматының өмірі мен қызметін құқықтық тұрғыдан қамтамасыз ету және бостандығын мінсіз қорғауға бағытталған. Сот жүйесін одан әрі дамыту, дербес тәуелсіз сот құру – жүргізіліп отырған сот реформасының басты мақсаты. Бұл ретте кезең-кезеңімен жаңа заңдар қабылданып, үлкен жобалар іске қосылуда. Соттар 2014 жылдан бері ортақ автоматтандырылған ақпараттық-анықтамалық жүйе бойынша жұмыс істейді. Бұл әсіресе, карантин жағдайында судьялар мен сот қызметкерлерінің еңбегін жеңілдетуге игі ықпалын тигізді.

Сот билігі сотта іс жүргізудің азаматтық және заңмен белгіленген өзге де нысандары арқылы жүргізіледі. Сот билігін жүргізу судья арқылы ғана емес, алқабилер мен медиаторлардың қатысуымен де жүзеге асырылуы мүмкін. Оның ішінде сот өкілеттілігі заңмен нақты айқындалған. Істі сотта қарау кезінде судья қылмыс жасауға, азаматтардың құқығы мен бостандығын бұзуға ықпал еткен мән-жайлар, сондай-ақ, алдын ала тергеу барысында жол берілген басқа да заң бұзушылықтарды анықтауы тиіс.

(Соңы 2-бетте)

МӘСЕЛЕ

ЖАУАПКЕРШІЛІК БОЛМАСА, ЖАҒДАЙ ӨЗГЕРМЕЙДІ

Жуырда елдегі тұтынушылар құқығы жиі бұзылатын салалар көшін медицина бастап тұрғаны мәлім болды. Тұтынушылар құқығын қорғау комитетінің зерттеуіне сәйкес, сауда мен қызметтің 20 саласын бағалаған респонденттердің 50%-ға жуығы отандық медицинаның қызмет көрсету сапасына көңілі толмайтындарын жеткізген.

Соңғы жылдары дәрігерлердің еңбекақысы мен денсаулық сақтау саласының қызметтері өсіп келеді. Мәселен, биыл маусым айындағы қорытындыға сенсек, ақылы қызмет 6%-ға артқан. Медицина саласындағы амбулаториялық қызмет – 5,7%, дәрігердің алғашқы қабылдауы – 7,1%, тіс дәрігері қызметі – 5,5%-ға қымбаттапты. Алайда тұрғындарға тегін көрсетілуі тиіс медициналық қызмет оңалмай-ақ қойды. Бізде ай сайын жұмысшының жалақысынан жарна ұсталады. Бұл алда-жалда жұмысшы ауыра қалса, кез келген клиниканы таңдап емделуге рұқсат деген сөз. Медициналық мекеме науқас үшін қанша қаржы жұмсап емдесе де, ақша қордағы жинақтан төленуі тиіс. Бағдарламаны бастапқыда барлығымыз осылай түсіндік. Жекеменшік және мемлекеттік емханалар арасында бәсекелестік орнап, қызмет көрсетудің сапасы жақсарады дедік. Ал қазір ауыра қалсаңыз, қалаған клиникаға барып емделе қаламын деген бос қиял. Өйткені, МӘМС жарна төлеуші тіркелген жекеменшік клиникалардағы бейімді мамандардың қызметіне бағаны өзі белгілейді. Мәселен, емделуші өз қалтасынан 4-5 мың теңге шығарса, сақтандыру қоры жарна төлеушінің емі үшін деп 1500 теңге белгілейді. Қаласа береді, қаламаса бермейді. Бұл әлбетте жекеменшік емханаларға тиімсіз. Сондықтан қалтаңда ақша болмаса, жекеменшік емханалар есігін ашпайды, ал мемлекеттік мекемелерге кірсең «Дамумед» қосымшасы арқылы алдын ала жазылудың өзіне біршама уақытың кетеді. Не керек, жүрек шаншыса кардиологқа, құлақ қақсаса лорға кіру мүмкін емес. Балалар педиатрдың, үлкендер терапевтің алдынан өтуі тиіс. Бір жапырақ қағазды алу үшін апталап жүріп терапевке жазыласың. Қызықтың көкесі осыдан кейін басталады. «Қызым үшке толмай жатып балабақшадан медициналық тексерістен өтіп келуге жіберді.

(Соңы 3-бетте)

ОЙТАЛҚЫ

МЕДИЦИНАЛЫҚ ҚЫЗМЕТТІ ҚОЛЖЕТІМДІ ЕТУДІҢ ҚАНДАЙ ЖОЛДАРЫ БАР?

МӘМС жүйесі енгізілген кезде медициналық қызметтің сапасы артатынына, көптеген қызмет қолжетімді болып еліміздегі денсаулық сақтау саласы жанданатынына сенген едік. Өйткені, сақтандыру қорына аударылған қаржысымен науқас қалаған жеріне қаралып, медициналық мекемелер арасында бәсекелестіктің артатыны баса айтылған болатын. Бірақ жүйе іске қосылғалы бірнеше жыл өтсе денсаулық сақтау саласының қордаланған мәселелері азаяр емес. Қайтсек медициналық қызметті қолжетімді етеміз?

Бақыт ТҰМЕНОВА, «Аман-саулық» қоғамдық қорының төрайымы:

– Рас, міндетті әлеуметтік сақтандыру жүйесі енгізіле сала медициналық қызмет көрсетудің сапасы артып кететініне сендік. Өйткені жүйені іске қосу үшін мамандар түрлі жарнама жасап, үәдені үйіп төкті. Сосын халық уәдеге сай үміт етті. Қазір ай сайын қорға қанша ақша аударылғаны хабарлануда. Бірақ сол миллиондарға сай медициналық қызмет көрсетудің сапасы өспеді, медициналық көмек те қолжетімді бола алмай отыр. Яғни, жүйенің жақсылығын сезіне алар емеспіз.

Бір дәрігерге көріну үшін кезекті бір айдан артық күтесің. Дәрігерлер түске дейін мемлекеттік мекемеде, түстен кейін жекеменшік клиникада жұмыс істегенге үйреніп алған. Емханаңнан кардиолог немесе балалар невропатологын іздесең орын жоқ дейді. Дәрігер жетіспеушілігін де жақсы сылтау етіп алдық. Дәрігерлер емханада түске дейін қызмет көрсетеді де түстен кейін жекеменшік емханасына кетіп қалады.

Ахмет АЛДАШЕВ, медицина ғылымының докторы, профессор:

Негізі дамыған елдермен салыстырғанда біздің еліміздің денсаулық сақтау саласына бөлетін қаржысы өте мардымсыз. Оларда медициналық сақтандыру жүйесі әлдеқашан енгізіліп, бір қалыпқа түскен. Ал біздің денсаулық сақтау саласына МӘМС жүйесі енгізілгеніне бес жыл да болған жоқ. Сондықтан уақыт өте саладағы кемшіліктер жойылып, сақтандыру қорының есебінен медициналық қызмет көрсетудің сапасы артады деген үміттемін. Негізі қазір халық түгілі сала мамандарының өзі ненің не екенін түсінбей жатыр. Мына індет де жағадан алып, сала бар басымдылықты ковидпен күреске арнауда. Сондықтан түсініктікпен қарауымыз керек.

Дегенмен, сын айтылмаса мін түзелмейді. Сондықтан саладағы кемшіліктер айтылуы керек. Халық талап етуі қажет.

(Соңы 3-бетте)

МІНБЕР

СОТТЫҢ БЕДЕЛІ – МЕМЛЕКЕТТІҢ БЕДЕЛІ

(Соңы. Басы 1-бетте)

Қажет болса жеке қаулы шығарып, онда заңды бұзудың қажетті шаралар қабылдауды талап ететін осы мән-жайлар мен фактілерге тиісті ұйымдардың немесе тұлғалардың назарын аударады. Адамды айыпты деп тануға және оған жаза тағайындауға, адамға медициналық сипаттағы мәжбүрлеу шараларын не мәжбүрлеп тәрбиелік ықпал ету шараларын қолдануға, төмен тұрған сот қабылдаған шешімнің күшін тоқтатуға немесе оны өзгертуге тек соттың ғана құқығы бар.

Судья сот төрелігін іске асыру кезінде тәуелсіз және Конституция мен заңға ғана бағынатынын ешқашан назардан тыс қалдыруға болмайды. Сот төрелігін іске асыру жөніндегі соттың қызметіне қандай да болсын араласудың заң бойынша жауапкершілікке әкеп соғатыны тағы бар. Сондықтан азаматтар әрбір іс бойынша сотқа шағымданарда немесе іс сотқа келіп түскен соң, оның ең бірінші заңдылығын түсініп алуы керек. Кейде қылмыстық іс қозғалып, іс сотқа келіп түскен соң жәбірленуші тарап істі қысқартуды, сотталушыға кешірім беруді сұрап сотқа жүгініп жатады. Бұл ретте қылмыстық іс қозғалысы тараптардың медиативтік келісімге келуімен өндірістен қысқартылуы мүмкін. Дегенмен, медиациялық заңнамамен қаралуға жатпайтын істер санаты да бар.

Нақты істер бойынша судьялар есеп бермейді. Бірақ қабылдаған сот үкімін үкім жарияланған соң тараптарға қарапайым тілмен түсіндіріп беруге міндетті. Сот төрелігінің принциптері республиканың барлық соттары мен судьяларына ортақ және бірыңғай болып табылады. Істі сотта қарау мен шешу Конституциямен реттелген. Сот отырысында тараптардың құқықтарын қорғауға барынша жағдай жасалады. Тараптарды сот мәжілісіне шақыру, онлайн қатысуын қамтамасыз ету заманауи байланыс құралдарын қолдану арқылы іске асуда. Қазіргідей ел ішіндегі ауыр ахуал кезінде басты мақсат – адам баласының саулығы. Сондықтан, кез келген азамат істі жылдам қарау, екі тарапқа да тиімді шешу үшін татуластыру рәсімдеріне жүгінгені абзал.

2011 жылғы 5 тамызда «Медиация туралы» заң қабылданды. Бұл заң қылмыстық істерге де қолданылады. Медиация тараптардың ерікті келісімі бойынша жүзеге асырылатын, олардың өзара қолайлы шешімге қол жеткізуі мақсатында медиаторлардың жәрдемдесуімен тараптар арасындағы дауды реттеу рәсімі. Медиация – сот ісіндегі тазалықты, әділ төрелікті қамтамасыз етудің негізгі тәсілдерінің бірі. Қылмыстық сот ісін жүргізу барысындағы медиация сотқа дейінгі және сотта іс жүргізу мерзімінде жүзеге асырылуға тиіс. Кез келген уақытта тараптардың бітімгерлік рәсімін жалғастырудан бас тартып, жалпы тәртіппен сотқа жүгінуіне болады.

Заң шеңберінде жеке және заңды тұлғалар қатысатын азаматтық, еңбек, отбасылық және өзге де құқықтық қатынастардан туындайтын, сондай-ақ, онша ауыр емес және ауырлығы орташа қылмыстар туралы, қылмыстық теріс қылықтар туралы істер бойынша қылмыстық сот ісін жүргізу барысында қаралатын даулар (жанжалдар) және атқарушылық іс жүргізуді орындау кезінде туындайтын қатынастар медиацияның қолданылу саласы болып табылады. Соңғы жылдары қылмыстық-процестік құқық сараланып, заман талабына сай азаматтық процестік, қылмыстық процестік және өзге де заңдарға тиісті өзгерістер мен толықтырулар енгізілді.

Қылмыстық істер бойынша медиацияны қолдануды қылмыстық заңнамамен реттеу мәселесіне келсек, қылмыстық құқықтағы медиация медиаторлармен қолданылатын арнайы әдістер жиынтығын реттейді.

Қылмыстық кодекс талабына сай онша ауыр емес немесе ауырлығы орташа қылмыс жасаған адам келтірілген зиянды қалпына келтіріп, жәбірленушімен татуласса қылмыстық жауаптылықтан босатуға жатады. Заң аясында медиация – адам өлімін, сыбайлас жемқорлық, террористік, экстремистік қылмыс жасаған адамдарға қолданылмайды.

Бүгінде медиация тәртібімен қысқартылған қылмыстық істер жылдан жылға көбейіп келеді. Бұл азаматтардың татуластыру рәсіміне деген сенімінің артқанын, бір-біріне кешіріммен қарауға үйренгенін байқатады. Жалпы, соттар заң үстемдігі мен әлеуметтік әділдікті қамтамасыз ететін мықты құрал. Халықтың сотқа деген сенімі бірнеше есе артуы қажет. Соттың беделі – мемлекеттің беделі.

Азат ИЗБАСАРОВ,
Батыс Қазақстан облыстық соты Қылмыстық істер жөніндегі сот алқасының төрағасы

ТӘРБИЕ

Қоғамның белсенді мүшесі болып қалыптасуы үшін жасөспірімдердің құқықтық санасын үнемі жетілдіріп отыру қажет. Сонда жеткіншектердің өмірде ағаттық істеп сүрінуіне, өкінуіне, өмірден өз орнын таба алмай қиналуына жол бермейміз. Тәрбие – тал бесіктен. Бүгінгі жеткіншек қоғамымыздың ертеңгі белсенді мүшесі. Сондықтан да жастардың келешегі үшін күресу әрқайсысымыздың абыройлы борышымыз.

Самал АБУГАЛИЕВА,
Атырау қаласының әкімшілік құқық бұзушылық жөніндегі мамандандырылған сотының төрағасы

ҰЛТ КЕЛЕШЕГІНІҢ КЕПІЛІ

Атырау қаласының әкімшілік құқық бұзушылықтар жөніндегі мамандандырылған сотында кәмелеттік жасқа толмаған жастар арасында жасалатын құқық бұзушылықтар жиі қаралады. 2020 жылы кәмелеттік жасқа толмаған 18 тұлғаға қатысты әкімшілік іс қаралған. ҚР ӘҚБтК нің 608-бабы бойынша (Жүргізушінің көлік құралын алкогольдік, есірткілік және уытқұмарлық масаң күйде басқаруына қатысты) 4 тұлға, 611-бап бойынша (Жүргізушінің жол-көлік оқиғасына байланысты міндеттерді орындамауына қатысты) 1 тұлға, 610-бап бойынша (Көлік құралдары жүргізушілерінің жол жүрісі қағидаларын адамдардың денсаулығына зиян келтіруге, көлік құралдарының немесе өзге де мүліктің бүлінуіне алып келген бұзушылығына қатысты) 7 тұлға, 434-бап бойынша (Ұсақ бұзақылыққа байланысты) 4 тұлға, 490-бап бойынша (Қазақстан Республикасының діни қызмет және діни бірлестіктер туралы заңнамасын бұзу бойынша) 1 тұлға, 383-бап бойынша (Балық аулау және балық ресурстары мен басқа да су жануарларын қорғау қағидаларын бұзу бойынша) 1 тұлға жауапкершілікке тартылған. Аталған 18 тұлғаға сот әкімшілік жаза қолдануда оның құқықбұзушылық әрекетіне өкінуін жауаптылығын жеңілдететін мән-жай ретінде танып, ал жауаптылығын ауырлататын мән-жайлар болмауына байланысты, кәмелеттік жасқа толмағанын ескеріп ата-аналарына әкімшілік айыппұл салу түріндегі жаза тағайындады.

Атырау қаласының әкімшілік құқық бұзушылықтар жөніндегі мамандандырылған сотында 2021 жылдың 6 айында кәмелеттік жасқа толмаған 3 тұлғаға қатысты әкімшілік іс қаралған. 2 әкімшілік іс мүліктің бүлінуіне қатысты болса, 1 әкімшілік іс көлік құралын пайдалану қағидасын бұзу бабы бойынша қаралған. Сот аталған 3 тұлғаға да әкімшілік айыппұл салған.

Жасөспірімдерге әкімшілік жаза тағайындау кезінде кәмелеттік жасқа толмағаны жазаны жеңілдететін жағдай ретінде ескеріледі. Соттың міндеті жауаптыларды жазалау емес, оларды дұрыс жолға бағыттау. Жазбайтын жақ, жаңылмайтын тұяқ жоқ. Сондықтан еліміздің болашағы жастардың білікті де сауатты болып қалыптасуы үшін бірлесе жұмыс жасауымыз қажет.

ЗАҢҒА ТҮСІНДІРМЕ

ЖОЛДАНЫМДЫ ҚАЙТАРУ ҚАЙТА ЖҮГІНУГЕ КЕДЕРГІ ЕМЕС

Ел тарихында тұңғыш рет қабылданған Әкімшілік рәсімдік-процестік кодексі әкімшілік органдар мен қарапайым азаматтар арасында туындайтын дауларда тепе-теңдікті қалыптастырып, жария құқықтық қатынастарды реттейді. Аталған кодекстің 3-бөлімінде әкімшілік рәсімнің қандай жағдайда қозғалатыны нақтыланған.

Әкімшілік рәсімді қозғауға жолданым және әкімшілік орган немесе лауазымды адамның бастамасы негіз болады. Осы тұста әкімшілік рәсім мен жолданымға заңдық тұрғыда түсінік бере кетсек. Әкімшілік рәсім – әкімшілік органның, лауазымды адамның әкімшілік істі қарау, ол бойынша шешімді қабылдау және орындау жөніндегі жолданым негізінде немесе өз бастамасы бойынша жасалатын, сондай-ақ, оңайлатылған әкімшілік рәсім тәртібімен жүзеге асырылатын қызмет. Ал, жолданым – әкімшілік органға немесе лауазымды адамға жазбаша, ауызша немесе электрондық, бейнеконференц-байланыс, бейнежолданым нысанында жіберілетін арыз-шағым.

Ауызша нысанда берілген жолданымды қабылдаған адам, яғни, әкімшілік органның лауазымды тұлғасы немесе қарапайым қызметкері болсын жекелеген хаттама жасауға міндетті. Жазбаша не электрондық нұсқада келіп түскен жолданымда оны беруші туралы жеке бас мәліметтері, жолданым берілетін әкімшілік органның, лауазымды адамның атауы, оның мәні, т.б. заңмен көзделген мағлұматтар көрсетіледі. Заңға сай, әкімшілік рәсім ақылы негізде жүзеге асырылса, төлемді растайтын түбіртек тіркеледі.

Кодексте белгіленген тәртіппен берілген жолданым міндетті түрде қабылданып, арыз иесіне оның тіркелгені туралы талон беріледі. Жолданым заң талаптарына сәйкес келмеуі мүмкін. Ондай кезде әкімшілік орган, лауазымды адам арыз иесіне жүгіну қандай талаптарға сай келмейтінін көрсетіп, кемшілікті түзеу үшін ақылға қонымды мерзімді бекітеді. Белгіленген уақыт аралығында көрсетілген олқылықтар орындалмаса, кері қайтарылады. Жолданымды қайтару қайта жүгінуге кедергі келтірмейді. Бұл үшін жоғарыда айтқанымыздай, ақылға қонымды мерзім тәртібі сақталуы керек. Тағы бір тоқтала кетерлігі, арыз иесі әкімшілік іс бойынша шешім қабылданғанға дейін жолданымды өзінің жазбаша арызы негізінде кері қайтарып ала алады.

Әкімшілік рәсімге қатысушылардың мемлекеттік органдардың басшыларына және олардың орынбасарларына бейне-байланыс немесе бейнежолданым арқылы жолданым беру тәртібін ақпараттандыру саласындағы уәкілетті орган айқындайды. Арыз иесі және мүдделі тұлға әкімшілік рәсімге қатысушылар болып танылады. Әкімшілік органға, лауазымды адамға жолданымды бір немесе бірнеше адам бере алады. Егер әкімшілік рәсім жолданым арқылы қозғалса, онда мүдделі тұлғалар басталып кеткен әкімшілік рәсімге қатыса алады. Бұл жағдайда әрқайсысының жолданымы бойынша жеке әкімшілік рәсімді қозғау талап етілмейді. Кодекстің 76-бабында көрсетілгендей, ел заңдарында өзгеше көзделмесе, жолданым 15 жұмыс күні ішінде қаралады. Бұл мерзім әкімшілік істі дұрыс қарау үшін маңызы бар нақты мән-жайларды белгілеу қажеттігіне орай, әкімшілік орган басшысының немесе оның орынбасарының уәжді шешімімен екі айдан аспайтын уақытқа ұзартылуы мүмкін. Әкімшілік рәсімге қатысушыға бұл туралы үш жұмыс күні ішінде хабардар етіледі. Шешім қабылдауға уәкілеттік берілген адам әкімшілік рәсім мерзімін негізсіз ұзартқаны үшін Қазақстан Республикасының заңдарымен тәртіптік және өзге де жауаптылықта болады.

Жолданымды уәкілетті әкімшілік органға, лауазымды адамға әрі қарай жолдау талаптары 65-баппен айқындалған. Мысалы, жолданым оны қарау өкілеттігіне кірмейтін әкімшілік орган немесе лауазымды адамға келіп түссе, сол сәттен бастап үш жұмыс күні ішінде әкімшілік рәсімге қатысушыға хабарланып, тиісті жерге жіберіледі. Одан әрі уәкілетті орган, лауазымды адам осы кодексте белгіленген тәртіппен әкімшілік рәсімді қозғайды. Әкімшілік орган, лауазымды тұлға ел заңдарында белгіленген шекте әкімшілік қарауды жүзеге асыруға міндетті. Аталған кодекс талаптары азаматтар құқығының кең көлемде, заң аясында жан-жақты қорғалатынына кепілдік береді.

Ж.ҚАРЫМСАҚОВ,
Шардара аудандық сотының бас маманы-сот мәжілісінің хатшысы
ТҮРКІСТАН ОБЛЫСЫ

COVID-19

«ASHYQ» ЖОБАСЫНА ҚАТЫСУШЫЛАР САНЫ ҰЛҒАЮДА

Алматы қаласында жұмыс істеп тұрған шағын және орта бизнес саны 84 996 болса, ал жеке кәсіпкерлер саны – 113 871. 1 шілдедегі жағдай бойынша қаладағы жеке кәсіпкерлер мен заңды тұлғалардың 7,6% «Ashyq» жобасының қатысушысы атанып отыр.

Қазақстан бойынша 4 маусымға дейін «Ashyq» жобасының қатысушысы болған 68 370 кәсіпкерлік субъектілерінің 1700-і алматылықтар еді. Бүгінгі таңда алматылық кәсіпкерлік субъектілерінің саны 6419-ға дейін жетіп отыр. Олардың ішінде қоғамдық тамақтандыру нысандары (2242) көш бастап тұр. Алғашқы бестікке сондай-ақ, базар, сауда ойын-сауық орталықтары, сауда үйлері, азық-түліктік емес сауда желілері (1117); сұлулық, шаштараз, маникюр және педикюр қызметін көрсететін салондар, косметикалық және косметологиялық қызмет орталықтары мен салондары (835); балалар сауықтыру орталықтары (491); фитнес-клубтар, його орталықтары, спорт кешендері, спорттық-сауықтыру орталықтары (426) енген.

– «Ashyq» жобасына қатысушылар мониторингтік топ анықтаған қолданыстағы жұмыс алгоритмін бұзған жағдайда, егер бұрын қатысушы алдын ала ескерту алса, алдымен 1 апта мерзімге; қайталап бұзған жағдайда – 2 апта мерзімге; үшінші бұзған жағдайда – 1 ай мерзімге жобадан шығарылады. Сондай-ақ, «Ashyq» жобасын ұйымдастыруға және пайдалануға қойылатын талаптарды бұзу фактілері бойынша жобаға қатысушыларға және шектеу немесе карантин шараларын бұзуға жол берген адамдарға қатысты әкімшілік ықпал ету шаралары қабылданады. Бүгінгі таңда мектепке дейінгі ұйымдар мен дәріханаларды жобаға толыққанды қатысушы ретінде енгізу мәселесі қаралып жатыр.

Мектепке дейінгі ұйымдарға келетін болсақ, балалардың ата-аналары QR-кодты сканерлеу арқылы өткізіледі. Қазіргі кезде Алматы қаласының 40 дәріханасы жобаға ерікті ретінде қатысуда. Дәріханалар коронавирустық инфекцияның таралу көздерінің бірі болып табылады. Алматы қаласы бас санитарлық дәрігерінің мәліметінше, науқастардың 4%-дан астамы дәріханаларды инфекция жұқтыратын орын ретінде атап өткен, – дейді Алматы қаласы кәсіпкерлер палатасының директоры Айтуар Қошмамбетов.

Ерлік ЕРЖАНҰЛЫ,
«Заң газеті»

МӘСЕЛЕ

ЖАУАПКЕРШІЛІК БОЛМАСА, ЖАҒДАЙ ӨЗГЕРМЕЙДІ

(Соңы. Басы 1-бетте)

Педиатрдан жолдаманы алып, бейімді мамандарға тағы жазылу арқылы кіру керек екен. Әр маманға бір ай дегенде әрең жазылдым. Содан бері бес ай өтті, хирург пен невропатологқа жазыла алмай жүрмін. «Дамумед» аптасына бір рет сағат 12-ден 3-ке дейін ашық болады. Айтқан уақыттарында ашсаң, жазылу толып тұрады. Тіркеуде тұрған нөмірге хабарлассаң, енді келесі аптаны күтесің дейді. Келесі апта тағы солай. Қаншада ашып, қай кезде жұрт жазылып қоятынын түсінбейсің. Бірақ аптаның екі күні екі сағат қана қабылдайтын бейімді мамандардың қабылдауына бара қалсаң, тексеруге келген науқастарды көрмейсің. Амал жоқ, «малым жанымның садағасы» деп ақылы қаралуға келгеніңді айтсаң, бірден тексерілуге болады. Жарты жыл жүгіріп шаршаған соң 1406 нөмірине хабарласып, клиниканың үстінен шағым жаздым. Артынша бас дәрігеріне кіріп едім «Біздің үстімізден шағым жазғаныңызбен, министрлікте ешкім тексермейді» деді. Айғай-шудан кейін ғана айлап жазыла алмай жүрген бейімді мамандарға бір күнде жазып берді», – дейді елордалық Саягүл есімді келіншек.

Әлеуметтік медициналық сақтандыру қорының басшысы Болат Төкежановтың айтуынша, I тоқсанда МӘМС жарнасы мен аударымы түрінде 183 млрд теңге түскен. Мемлекеттің жеңілдік берушілер үшін аударған жарнасы – 95,4 млрд, жұмыс берушілердің аударымдары – 44,4 млрд, ал қызметкерлердің жарнасы 35,2 млрд теңгені құраған. Жеке кәсіпкерлер, БЖТ төлеушілер, азаматтық-құқықтық шарттар бойынша жұмыс істейтін дербес төлеушілер жарналарының үлесі 5% құраған. МӘМС жүйесіне төленетін төлемдердің ең азы – 25 500 теңге (12 айда). Бұл сақтандырылған адамға құны бірнеше миллион теңге тұратын қымбат тексерулер, операциялар, ЭКҰ қоса алғанда, ТМККК және МӘМС екі пакетіндегі медициналық көмектің ауқымды тізбесіне қол жеткізуге мүмкіндік береді. Ал халыққа медициналық көмек көрсетуге 1,8 трлн теңге бағытталған. «Биыл біз сақтандыру қаражаты түсімдерінің болжамын 150 млрд теңгеге ұлғайтамыз. Пациент медициналық сақтандыру қорымен келісімшарт жасасқан кез келген клиникада, оның қай жерде орналасқанына және меншік нысанына қарамастан, сапалы медициналық көмек алуы тиіс. 1 сәуірдегі жағдай бойынша қор 1 363 медициналық қызмет жеткізушімен шарт жасалды, оның ішінде 688-і жеке меншік клиникалар, былтыр олардың саны 635 болды. Халыққа медициналық қызмет көрсету үшін тартылатын жекеменшік жеткізушілердің өсу үрдісі сақталуда», – деп атап өтті Болат Төкежанов.

МӘМС-ке құйып жатқан жарнаң қажетке жарайтындай қуанып қаласың. Бірақ халықтың денсаулығы үшін бөлінетін қаржы, тіркелген тегін медициналық қызметтің қызығын көру қиын. Өйткені, тегін диагностикалық қызмет қолжетімсіз. Келіп бітпейтін кезектен күдерін үзгендердің көпшілігі жекеменшік емхананың ақылы қондырғысына қалтасынан ақша шығаруға мәжбүр.

Журналист Динара Мыңжасарқызы ай сайын жарнасын төлейтін сақтандыру қоры арқылы қажетті зерттеу нәтижесін жасатуға мүмкіндік жоқ екенін айтады. «Жақында анализ тапсыруға дәрігерге бардым. Талон арқылы ақылы емханаға барған күннің өзінде ұзын-сонар кезек. Мысалы, УДЗ-ға 21-і күні түсу керек едім, олар маған 28-і күні ғана келесіз деді. Ақылы зерттеудің өзіне бір апта уақыт күту керек екен. Бір аптаның ішінде науқас уайымнан-ақ қажып кетуі мүмкін. Ол жерде қашан көрсең де ығы-жығы халық. Мен барған күні де ауруханаңың сыртынан басталған кезек ұзын-сонар дәлізді түгел алып жатыр екен. Кезек күтіп тұрған науқастардың барлығы әбден шаршаған. Көбісі отадан шыққан, кейбіреуі операцияға дайындалып жүргендер. Ал мемлекеттік емханалардағы дәрігердің қабылдауына кіргеніңмен, ауруыңды анықтау үшін қажетті зерттеулер жасау керек болады. Тегін зерттеу жасату тегі келіп болмайды. Амал жоқ, ақылы қызметке жүгінесің. Жақында МРТ жасату туралы сұрасам, емханадағы тіркеу бөліміндегілер «Сақтандыру қорыңызда МРТ жасатуға жеткілікті қаражат жиналмаған. Кейін қатты керек болып қалғанда пайдаланбайсыз ба?» деп төбеден жай түсірді. Қажетті қаржының жиналғанына емес, айтып тұрған әңгімесінің өзі жүрекке ауыр тиді. Сонда біз медициналық қызметті өлім аузында қалғанда бір-ақ алу керекпіз бе? Сақтандыру қоры аурудың алдын алу үшін емес, өлім аузына түскен кезде керек болады екен», – деп қынжылысын білдірді Динара Мыңжасарқызы.

Бір жылдан бері тегін медициналық қызметке жүгініп жүрген Дәулет Серікбай тегін қызметке жүгінетіндердің жүйкесі жұқарғанын жеткізді. «Жалпы, медсақтандыру деген дұрыс идея. Бірақ тоқсаныншы жылдардан бері құлдырап кеткен, жемқорлыққа, былыққа батқан медицинаға жүз жерден медсақтандыру енгізіп, батыстың реформаларын кіргізсе де түзелмейтін сияқты. Бұрын ауылымда үлкен аурухана болған, барлық мамандар болғанын көрдім. Ешқайда бармай сонда жатып емделетін. Қазір ауылдарда ФАП қана бар, оның өзі қуықтай бөлмеде, жалғыз фельдшер. Ауылдықтар қайда барып емделеді? Оларды ешкім ойлап отырған жоқ. Үкімет тек жарна төлеңдер деп қақсап жатыр, жарнасын төледі дейік, қайдан, қалай ем алады ол жағын анықтап айтып жатқан ешкім жоқ. Медсақтандыру басшыларының елдегі жағдайдан хабары барына күмәнім бар. Алдымен ауыл, аудан ауруханаларының техникалық базасын нығайту керек. Ауданда КТ, МРТ сияқты аппараттар түгілі мамандар жоқ. Қалада да жағдай оңып тұрған жоқ, ұшескелік дәрігерге тәуелді қылып қойған. Бейінді маманды 10 күн күтесің. Келесі кабинетте отырған маманға он күнсіз тағы кіре алмайсың. Ол аппаратқа түсуге жолдама береді, аппаратты кем дегенде бір ай күтесің. Отаға жолдама аласың, оны 6-7 ай күтесің. Жарты жылдан астам уақыт жүгіріп жүргенде сау адам ауру болады. Ауру адамды әбден әуре-сарсаңға салып асқындырып барып емдейтін сияқты», – дейді Дәулет Серікбай. Оның айтуынша, бір емхана ондаған мың адамды тіркеп алады. Сөйтіп бір рентгені бар мекеме сан мыңдаған адамға сапалы қызмет көрсетіп отырғандай болады. «Қарапайым аудиограмма жоқ, медсақтандыру төлегеніммен ақылы өтіп жүрмін. Басқа емханаларымен шартқа отырған екен, аудиограммаға тегін жолдаманы 2 ай күтесің дейді. Бұл жай ғана кез келген жерде 2-3 мың теңгеге түсе салатын қарапайым аппарат қана. Сол аппаратты 2 ай күтсем, басқа ауыр науқастар КТ, МРТ сияқты аппараттарды қанша ай күтетінін елестету қиын. Ауыр науқастарға тіпті қиын», – деп ағынан жарылды елордалық Дәулет Серікбай.

Өкінішке қарай,біздегі медициналық тегін қызметтің сиқы осы. Тегін емделу үшін табалдырық тоздырып, аурухана мен емханалардың есігін сан рет ашуға тура келеді. Сақтандыру қоры болса, жарна төлеушілерге қымбат тұратын қызметтерді еш қиындықсыз алуға уәдені үйіп-төгеді. Міндетті әлеуметтік медициналық сақтандыру жүйесінен кейін қызмет сапасы жақсарады дегенімен, тегін қызмет терапевтің қабылдауынан кейін-ақ тоқтап қалады. Мысалы, қор өкілдері міндетті әлеуметтік медициналық сақтандыру аясында балаларға стоматологиялық қызмет көрсетудің тегін екенін айтады. Елімізде 18 жасқа дейінгі балаларға және жүкті әйелдерге стоматологиялық қызметтер жоспарлы түрде тегін ұсынылады. Сондай-ақ, «Алтын алқа», «Күміс алқа» иегерлеріне, мүгедектігі бар азаматтарға, зейнеткерлерге, атаулы әлеуметтік көмек алатындарға жедел стоматологиялық көмек көрсетілуі тиіс. Науқастар тізімде көрсетілген кез келген клиникаға жолдамасыз баруға болады. Алайда тісі ауырғандардың тегін стоматологқа барғанын естіген жоқпыз. Ал барғандар емдеген тістерін екі күннен кейін ақылы стоматологқа көрсетеді. Пандемия кезінде де науқастар тегін медицинада және МӘМС жүйесінде көрсетілетін қызметтер пакеттеріне қол жеткізу үшін ұзын-сонар кезекте тұрғанын көріп жүрміз. Кепілдік берілген медициналық қызметті сарыла күтетіндер сақтандыру қорындағы жемқорлық жойылмай, тегін қызметтің сапасын арттыру туралы айту ертерек екенін айтады. Көпшіліктің сөзіне алып-қосарымыз жоқ. Шындығында жауапкершілікті арттырмай жарна төлетуден жағдай оңалмайтыны белгілі.

Жадыра МҮСІЛІМ

НӘСІП

КҮНІНЕ **МЫҢ ДОЛЛАР** КІРІС

Түркістан қаласындағы «Керуен сарай» туристік кешенінде балмұздақ сататын Жамбыл Сәрсенбаев күніне 1000 АҚШ доллары көлемінде пайда табады. Бұл – оның пандемия кезіндегі табысы. Мереке күндердегі табысы одан тағы өседі. Түркістан қаласының тұрғыны кешеннен бірнеше дүңгіршек ашып, өз кәсібін дөңгелетіп отыр.

– Қазіргі таңда, Түркістан қаласы туристік қалаға айналғалы бері, көне шаһарды көруге шет елдер мен республика өңірлерінен келетін қонақтардың саны артып келеді. «Керуен сарайды» аралауға келген туристер қыдырып жүріп балмұздақ алады. Мен өзім халыққа ұсынатын тауарымның сапасына қатты мән беремін. Себебі, әрбір адам балмұздақты жегенде сүйсініп жегені дұрыс. Балмұздақ жеген туристер алғыстарын білдіріп кетеді. Сауда өте жақсы жүреді. Демалыс күндері 1 мың доллардың үстінде пайда табамыз. Еңбегімізді ақтап жатыр. Бағамыз қаладағы бағамен бірдей, қымбат емес. Келушілер көп болатын. Демалыс күндері ине шаншар орын болмайды. Облыс әкімдігі жеңілдіктер ұсынып жатыр. 4 пайызбен несие береді. Соны пайдаланатын боламыз, – дейді жеке кәсіпкер Жамбыл.

Түркістан десе, әуелі көз алдымызға туризм, яғни, Қожа Ахмет Яссауи кесенесі, Сауран секілді ескі қалашықтардың елестейтіні қақ. Ал қазір облыс орталығы саналатын шаһар жаңа бағытта дамуды көздеп отыр.

– Осы «Керуен сарай» кешеніндегі сауда орталығының аумағы 23 мың шаршы метрден асады. Бұл инвесторларға, яғни кафе, ресторан және киім-кешек саудасына арналған. Соның 54% ашылуға дайын. Одан бөлек, тағы 20%-мен келіссөздер жүргізіліп жатыр. Түркістан облысы әкімінің тапсырмасына сәйкес, инвесторларға сауда нүктелерін жалға алуға жеңілдік беру үшін арнайы «Түркістан» әлеуметтік-кәсіпкерлік корпорациясы» арқылы «Яссы» бизнес деген несие беру жобасы ашылды. Кәсіпкерлерге 27 миллион теңгеге дейін 4 пайызбен 5 жыл мерзімге несие беріледі. Яғни, кәсіпкерлер осы ақшаны алып, жөндеу жұмыстарына, өз қажетіне пайдалануға толық мүмкіндіктері бар. Оған қосымша, осы мәдени – рухани орталық «Turkistan» арнайы экономикалық аймақтың аумағына кіреді. Сондықтан көптеген жеңілдіктер қарастырылған. Барлық инвесторларды осы жерде бизнесін өркендетуге шақырамыз. Қазірде ірі сауда брендері «Керуен сарай» кешенінде жұмыс жасауға қызығушылық танытуда, – деді Түркістан облысы әкімінің орынбасары Рашид Аюпов.

Раушан НАРБЕК

ОЙТАЛҚЫ

МЕДИЦИНАЛЫҚ ҚЫЗМЕТТІ ҚОЛЖЕТІМДІ ЕТУДІҢ ҚАНДАЙ ЖОЛДАРЫ БАР?

(Соңы. Басы 1-бетте)

Бақыт ТҰМЕНОВА, «Аман-саулық» қоғамдық қорының төрайымы:

– Ал оған науқастар жазылып үлгермейді. Сақтандыру қорына аударатын ақшаңды айтып, даулай бастасаң дәрігер жетіспеушілігін айтады. Еріксіз ауруың асқынып кетпеуі үшін жекеменшік емханаға барып, қалтаңдағы қаржыңмен көрінуге мәжбүрсің. Рас, сақтандыру қоры арқылы жекеменшік емханаларымен де келісімшарт жасалып, оларды да халыққа қолжетімді қылудың жолдары жасалуда. Бірақ оның да әуресі көп. Кейбір мекемелермен келісімшарт жоқ. Еріксіз уақытыңды үнемдеп, өз денсаулығың үшін ақылы, кезегі жоқ жекеменшік медициналық орталыққа өз қаржыңмен баруға мәжбүрсің. Былтыр індет асқынған уақытта медициналық қызметке аударған ақшамызды даулайтын уақыт болмады. Өкпені желдету қондырғысын шекара жабық екеніне қарамастан жанталасып тасыдық. Денсаулық сақтау саласымен санасып отырар болсақ талай адамнан айырылатын едік. Соның өзінде медициналық қызметтің қолжетімсіздігінен талай адам о дүниелік болды.

Ауру ешқашан күтіп отырмайды. Уақыт ұттырған сайын асқына береді. Ұлт денсаулығын жақсартамыз десек ең алдымен осы медициналық қызметтің қолжетімділігін арттыруымыз керек. Ауруды ерте кезеңінде анықтаудың жолдарын қарастыру керек. Халқымыз негізі алдын ала профилактика үшін медициналық тексеруден өтуге үйренбеген. Бәлкім медициналық сақтандыру қорының қаржысын қатаң қадағалауға алу керек шығар. Мемлекеттік бақылауды күшейту керек пе? Айтудай айтылып жатыр, бірақ сол шыққан нәтиже аз болып тұр ғой. Не медициналық қызмет қолжетімді емес, не сапа жоқ. Өз басым саланы ең алдымен жемқорлықтан тазарту керек деп есептеймін. Жемқорлық жүрген жерде даму жоқ. Былтыр дәрігер көмегіне жүгінбеген қаншама азаматтың Damumed қосымшасы арқылы дәрігерлік көмек алғаны қоғамда дау тудырды. Менің ойымша салаға бөлінген қаржы осылай қолды болып, көрсетілмеген қызмет үшін қаржы шашылып жатқан секілді. Сондықтан ұлт саулығын жақсартамыз десек, ең алдымен саланы жемқорлықтан тазарту керек.

Ахмет АЛДАШЕВ, медицина ғылымының докторы, профессор:

– Сонда сұранысқа сай қызмет көрсету сапасы артады. Саладағы цифрлы жүйенің жұмыс сапасын арттыруымыз керек.

Цифрлы қызметтің жақсаруы ашықтыққа жол ашады. Қазір бұрынғыдай емес дәрігерлердің жалақысы көтерілді. Бұрын жалақы аздықтан қызмет талапқа сай емес десек, қазір әлеуметтік жағдайы жақсарған дәрігер қауымына талап та қоятын жөніміз бар.

Айта кетер жайт мына індет денсаулық сақтау саласына баса көңіл бөлу қажет екенін сезінтті. Індетпен күрес кезінде кейбір елдер індетті жеңіп, біраз уақыт індетсіз өмір сүріп үлгеріп жатыр. Ал біздің індет елге келгелі әлі толық ауыздықтауға мүмкіндігіміз жетпей жатыр. Осының өзі біраз нәрсені аңғартады. Сондықтан салада қадағалауды күшейтіп, медициналық қызмет көрсету сапасын арттыратын кез жетті.

Сауалнаманы дайындаған Қуаныш ӘБІЛДӘҚЫЗЫ, «Заң газеті»

КӨЗҚАРАС

САУАТСЫЗДЫҚ – ҚҰҚЫҚТЫҢ БҰЗЫЛУЫНЫҢ НЕГІЗГІ СЕБЕБІ

Соңғы уақытта борышкерлерден банктер алдындағы берешекті өндіріп алу туралы талап-арыздар саны артты. Бұл коллекторлық агенттіктер жұмысын көбейткені рас. Бүгінде республикамыздағы банктер мен банк операцияларының жекелеген түрлерін жүзеге асыратын ұйымдар жеке тұлғалармен жасалған кредиттік шарттарын жиі сатады. Кей жағдайда несие беруге құқығының жоқтығына қарамастан микроқаржы ұйымдарының несиелік келісімшарт жасағанын сот анықтап жатады. Ал қаржылық, құқықтық жақтан білімі жетпегендіктен кейбір азаматтардың сот арқылы өз мүддесін қорғауға батылы бармай жатады. Бұған сотқа жүгінуден жасқану, тіл білмеу, коллекторлық агенттіктің ықпалынан шыға алмау түрткі болады.

Жалпы, кез келген борышкер азаматтың сот арқылы қорғануға мүмкіндігі бар. Оның нәтижесінде борышкердің өз қарызын қысқартуына, төлемді кейінге қалдыру үшін банк операцияларының жекелеген түрлерін жүзеге асыратын ұйыммен медиативтік келісім жасауына болады. Заңды білмегендіктен кейбір борышкерлер өз мәселесін құқықтық тәртіппен реттеуге болатынын білмейді немесе соттасудан қорқып мәселені жылы жауып қоюға бейім. Мұның соңы берешекті өндіруге қатысты жағдайдың ушығуына алып келеді. Кейіннен қарызды мәжбүрлеп орындату үшін сот борышкерге атқару парағын жібереді, мұндай жағдайда берешекпен қоса жеке сот орындаушысының еңбекақысын төлеуге тура келеді. «Мемлекеттік реттеу туралы» заңның 15-1-бабының 1-тармағында субъектілер айқындалған. Агенттік оларға қатысты бақылау мен қадағалауды жүзеге асырады. Олардың қатарына микроқаржы қызметін жүзеге асыратын ұйымдар (микроқаржы ұйымы, кредиттік серіктестік, ломбард) жатады.

Қаржы ұйымдарының, сондай-ақ банк операцияларының жекелеген түрлерін жүзеге асыратын ұйымдардың және микроқаржы қызметінің тізімі агенттіктің www.finreg.kz ресми сайтында жарияланған. «Микроқаржы қызметі туралы» заңның 14-бабының 1-тармағына сәйкес, микрокредиттер беру жөніндегі қызметті жүзеге асыруға ниеті бар заңды тұлға «Азаматтарға арналған үкімет» мемлекеттік корпорациясында микроқаржы ұйымы, кредиттік серіктестік, ломбард ретінде , мемлекеттік тіркеуден (немесе қайта тіркеуден) өткен күнінен бастап

алты ай ішінде ауызша тіркелуі қажет. Осылайша, азаматтар несиелік келісім жасасқан жағдайда, ұйымның жеке тұлғаларға несие беру құқығы баржоғын тексеру қажет. Мұндай құқығы жоқ ұйымдар несие беріп, ақшаны пайдаланғаны үшін үлкен пайыздар алатын жағдайлар жиі кездеседі. Ал азаматтар құқығы бұзылғанын білмей, несиесін төлейді немесе қарызын ұлғайта отырып, төлем жүргізуді тоқтатады.

Сондай-ақ, 2020 жылдың 1 шілдесінен бастап Азаматтық кодекстің 715-бабының 2-1-тармағы қолданысқа енгізілгенін атап өту қажет. Оған сәйкес жеке кәсіпкерлер мен заңды тұлғалардың азаматтарға қарыз түрінде ақша беруіне тыйым салынады, тіпті мұндай қарыз шарттары негізсіз болып табылады. Сонымен қатар, мұндай дауларды сотқа дейін реттеу тәртібі бар. Азаматтар қарыз алушының міндеттемелерін орындау мерзімі келген кезде коллекторлық агенттік сотқа дейінгі жұмысты жүргізуі тиіс екенін білуі керек. Олар 15 күн ішінде борышкерге мерзімін кешіктіру мен оның салдары және атқарушылық жазба бойынша қарыздың өндіріп алынуы туралы хабарлама жіберуі тиіс. 30 күн ішінде қарыз алушы ұйымға жүгінуге құқылы, ондай жағдайда қарыз алушының өтініші қаралады. Дауды сотқа дейін реттеу қорытындысы бойынша микрокредиттік ұйым немесе коллекторлық агенттік атқарушылық жазба үшін нотариусқа жүгінеді, ол кейіннен борышкердің өтініші бойынша күшін жоюы мүмкін.

Қазіргі уақытта көптеген реформаларды ескере отырып сот органдары қаралып жатқан істердің ашықтық саясатын ұстанады, сот актілері түсіндіріледі, банктер мен азаматтар арасындағы дауды сотқа дейін реттеу тәртібінен өтпеген талаптар қайтарылады, банк қызметін жүзеге асыруға құқығы жоқ ұйым тарапынан заңсыз есептелген пайыздар қысқартылады. Бүгінде несие алу қоғамның ажырамас бөлігіне айналғаны жасырын емес. Сондықтан халықтың құқықтық, қаржылық сауаттылығын арттыру, азаматтардың бұзылған құқықтарын сот арқылы қорғауына жол сілтеу біздің парызымыз.

К.БАЙГАБЫЛОВ,
Шығыс Қазақстан облысы
Үржар аудандық сотының судьясы

ТҮЗЕУ МЕКЕМЕСІ

БАҚЫЛАУ БАСТЫ НАЗАРДА

Қылмыстық-атқару жүйесіндегі пробация қызметіне жүктелген міндет өте күрделі. Бостандыққа шыққан сотталғандардың жүріс-тұрысын, адамдармен қарым-қатынасын, қайтадан қылмыс жасамауын қадағалау пробация инспекторларынан нағыз кәсіби шеберлікті талап етеді.

Өткен алты айда 4555 сотталған пробациялық қызметтің есебінен өткен. Олардың арасында 600-ден астам әйел мен 26 кәмелеттік жасқа толмаған бала бар. Бір өкініштісі – пробация қызметінің бақылауынан бой тасалап кететін, яғни қашып кететін сотталғандар да кездеседі. Алматы қаласы бойынша жыл басынан бері үш адамға іздеу жарияланды. Оның бірден бір себебі – тергеу немесе анықтау органдары тергеу амалдары кезінде сотталғандардың өздері көрсеткен мекенжайда тұратынын немесе тұрмайтынын анықтамайды, сонымен бірге сотталғандар көбінесе уақытша тұратын мекенжайларын айтады немесе мүлде басқа жерді көрсетеді. Қазақстан аумағынан қасақана қашып кететіндер сирек кездеседі. Сонымен қатар пробация бақылауындағы сотталғандардың қайталап қылмыс жасауы да жасыратын факт емес. Мысалы 2021 жылдың басынан бері Алматы қаласы Пробация қызметінің бақылауында тұрған сотталғандар арасында 32 қайталап қылмыс жасау фактісі тіркелді. Оның ішінде онша ауыр емес қылмыс жоқ болса да, ауырлығы орташа – 11, ауыр қылмыс – 21 болды. Қайталап жасалған қылмыстардың ішінде ең жиі кездесетіні – бөтеннің мүлкін ұрлау, яғни, аталған уақыт ішінде мұндай 16 факті тіркелді. Қайталап қылмыс жасайтын сотталғандардың көбі тұрғылықты жері бойынша тіркеуі жоқ, жалдамалы пәтерлерде тұратын немесе тұрмыс деңгейі төмен, білімі мен мамандығы жоқ, ішімдікке әуес сотталғандар. Ал тұрғылықты жері бойынша тіркеудің болмауы сотталғандардың жұмысқа орналасуына, медициналық қызмет пен әлеуметтік-құқықтық көмек алуларына мүмкіндік бермейді.

Жыл басынан бері жазаны өтеу шарттарын қасақана бұзғаны үшін 51 сотталғанның бас бостандығын шектеу жазасы бас бостандығынан айыру жазасына ауыстырылып, қамауға алынды. Қазіргі уақытта Алматы қаласы бойынша ҚАЖД Пробация қызметі рецидивті қылмыстың алдын алу бойынша жоспарлы жұмыс жүргізуде. Яғни, кешкі және түнгі уақытта есепте тұрған адамдарды тұрғылықты жері бойынша тексеру өткізіліп, Алматы қаласының көңіл көтеру және ойын-сауық мекемелері бойынша рейдтер өткізу үшін аудандық полиция бөлімдерінің қызметкерлерімен бірлесіп мобильді топтар құрылды.

Биылғы жылдың сәуір айында Алматы қаласының әкімі пробация қызметінің есебінде тұрған адамдарды жұмысқа орналастыру үшін жұмыс орындарына квота белгілеу туралы қаулы шығарған болатын. Аталған қаулы негізінде Алматы қаласы бойынша Қылмыстық-атқару жүйесі департаментінің пробация қызметі 76 адамды жұмысқа орналастыру үшін Алматы қаласының жұмыспен қамту орталығына ұсыныс жіберді.

Алматы қаласы консультативтік-кеңесші органының отырысында пробация қызметінің есебінде тұрған адамдардың қайта қылмыс жасауының алдын алу, бас бостандығынан айыру орындарынан келген және пробация қызметінде есепте тұрған сотталғандарға әлеуметтік-құқықтық және медициналық көмек көрсету мәселесі де қаралған болатын. Осындай жұмыстардың нәтижесінде алғашқы жартыжылдықта 41 сотталғанға медициналық, 3903 сотталғанға психологиялық көмек көрсетілсе, 64 адамға қайырымдылық көмек көрсетілді.

Д. ҚАНАТБЕКОВ,
Алматы қаласы бойынша
ҚАЖД бастығы, әділет полковнигі

ТАҒЫЛЫМ

ҰРЫС БОЛҒАН ЖЕРДЕ ЫРЫС ЖОҚ

Билер кеңесі дәстүрлі қазақ қоғамындағы аса маңызды саяси мәселені шешкен. Мемлекеттің тұтастығын қамтамасыз етуге бағытталған басты органдардың бірі болып, көшпелі қазақ қоғамындағы халық билігінің ерекше нысаны ретінде саналған. «Ұрыс болған жерде ырыс болмайтынын» түсінген бабаларымыз ел ішіндегі дауды билердің көмегімен жедел реттеуге тырысқан.

Кеңес жылдың бір мезгілінде, әдетте жайлауға көшіп болған соң өткізілген. Билер кеңесіне хан, сұлтандар, үш жүздің елге сыйлы, қар а қылды қақ жаратын, әділдігімен даңқы шыққан билері, батырлары қатысқан. Осындай кеңестің бірінде жиналып, қазақ халқының заң кодексі – «Жеті жарғы» қабылданған. Бұл құжат рулық алауыздықты жойып, қазақ ұлтын біріктіру, мемлекеттік тәртіпті нығайту мұратын көздеген. Тәуке хан ел ішінде беделді билерге сүйене отырып билік жүргізген. Ұлттық тұтастыққа іріткі саларлық ірі жанжалдар – руаралық жер дауы, жесір дауы өршігенде, ел шетіне жау тиіп, соғыс қаупі төнген кезде, көрші елдермен байланыс жасап, түрлі қарым-қатынас орнатар шақта билер кеңесін шақырып, негізгі мәселелерді бұқара өкілдері – билермен ақылдаса отырып шешкен.

Ханның ұсынуымен мемлекеттік маңызы бар мәселелерді талқылаған кезде «Тура биде туған жоқ, туғанды биде иман жоқ» деген моральдық принципке сүйенген. Қара бастың, ағайын-туыс пен аталастың ғана намысын қорғап, ру мүддесін ұлт мұратынан жоғары қоятын билер ел сенімінен, хан құрметінен айырылған. Ондай әділетсіздікпен, пайдакүнемдікпен аты шыққан адамдар билер кеңесіне шақырылмаған.

Тәуке ханның тұсында билер кеңесіне Ұлы жүзден Төле би, Орта жүзден Қаз дауысты Қазыбек би, Кіші жүзден Әйтеке би қатысқан. Олар халық арасында үлкен беделге ие болды. Бедел қара қылды қақ жарған әділдікпен келді.

Бүгінде қазақтың дәстүрлі құқығына қызығушылық арта түсті. Билер кеңесінің дауларды қарауы азаматтардың мүддесін қорғау үшін неғұрлым тиімді құрал болып табылады. Қақтығыстарды шешу кезінде билердің сапалы және уақытылы көрсетілген көмегі дау тараптарына уақытты, материалдық және моральдық ресурстарды үнемдеуге, сондай-ақ, әрбір адамның мүддесін негізге ала отырып, шиеленістің дамуын сыни сипатқа дейін жеткізбей, жағдайды шешуге көмектеседі.

Билер кеңесінің басты мақсаты – қоғамдағы қайшылықты, кикілжіңкерісті, дауларды азайту, даумен келгендерді татуластырып, олардың кикілжіңін сотқа жеткізбей шешу арқылы ел арасында тұрақтылықты, ынтымақтастық пен достықты, бірлік пен берекені, бейбіт өмірді қалыптастыру. Билер кеңесі – бұл қазақ билерінің дәстүрін жаңғырту, дауласушылықтың деңгейін төмендету және оның алдын алу мәселелері бойынша салт, ғұрып, озық дәстүрлерді сақтау жөнінде ауылдық, аудандық қалалық әкімдіктер жанынан құрылған. Осындай ұлттық игіліктің жандануы ел ішіндегі дауласушылық деңгейін азайтуға ықпал етеді. Салт-дәстүрімізді ұмытпауға атсалысатын ақсақалдардың яғни, билеріміздің тәлім-тәрбиесі аса қажет.

Б.КАРЫБАЕВ,
Арқалық қалалық сотының
судьясы

ПӘРМЕН

СОТТАЛҒАНДАРДЫҢ ҚАЛЫПТЫ ӨМІРГЕ БЕЙІМДЕЛУІ ҚИЫН

Темір торға түскен жандарды қалыпты өмірге қайта оралту үшін тәрбие жұмысына айрықша назар аударылады. Қызылорда облысы бойынша ҚАЖ департаментіне қарасты ЗК-169/4 қауіпсіздігі барынша төмен мекемесінде бұл жұмысқа ерекше ден қойылған.

Мәселен, жасақ бастығы өз тобындағы сотталғандардың тәртібіне баса назар аударып, тәрбиелік, профилактикалық бағытта дәріс оқып, сұхбаттар жүргізеді. Түзеу мекемесінде жасақ бастығы білімі мен тәжірибесіне сүйене отырып қызмет етуде. Таңнан қара кешке дейін сотталғандарды қадағалап, олардан тәртіптілікті талап ету оңай емес. Осыдан-ақ мекеме қызметкерлері жұмысының қаншалықты жауапты, уақытының тығыз екенін білуге болады. Жасақ бастықтары сотталғандардың сан сауалына жауап беріп, басшылықпен ақылдаса отырып, түйткілді мәселелердің түйінін шешіп, түрлі іс-шараларды ұйымдастыруда. Сотталғандар арасында тәрбие және әлеуметтік-психологиялық жұмыс тобының бастығы Бауыржан Сәметов ЗК-169/4 мекемесінде 7 жылдан бері қызмет атқарып келеді. Б.Сәметовтің айтуынша әр мереке сайын мекеменің қоғамдық өміріне белсене қатысқан жаза өтеушілерді марапаттауға негіз болатын қосымша шаралар да ұйымдастырып марапаттан да құр қалдырмай отырады. Сонда сотталушылардың сенімі нығайып, бостндыққа деген құлшынысы арта түседі.

Ағымдағы жылдың 6 айында тапсырылған іске жауапкершілікпен қарап, өнегелі мінез-құлқымен көзге түскен 72 сотталғанға көтермелеу шаралары қолданылған. Мен өз жасағымдағы 80 сотталғанға жауап беремін. Оларды тұрақты қабылдап, мазалаған сұрақтарына жауап беруді дәстүрге айналдырғанмын. Жаза басып жаңылған азаматтарды түзелу жолына түсіру, олардың өмірге деген көзқарасын өзгерту біздің мақсатымыз. Олардың қоғамға толыққанды азамат болып оралуы біздің де жұмысымыздың нәтижесі», – дейді жасақ бастығы әділет капитаны Бауыржан Сәметов.

Дана ДОСТАНОВА,
Қызылорда облысы бойынша
ҚАЖД қызметкері

БҮГІНГІНІҢ БАС ТАҚЫРЫБЫ

ТОКИО ОЛИМПИАДАСЫ: **ЖЕҢІСТЕР** МЕН **ЖЕҢІЛІСТЕР**

(Соңы. Басы 1-бетте)

Елдос Сметов журналистерге берген сұхбатында «әрбір спортшы олимпиадаға алтын алу үшін барады. Және сол жолда барын салады. Сондықтан кез келген жетістік қымбат. Ол спортшының маңдай терімен келді. Мен өз қоламның бағасын білемін. Сондықтан оған еш өкінбеймін» – деді.

Басқа спорт түрлерінен де Қазақстан биік нәтиже көрсете қоймады. Кей спорт түрлерінен тіпті іріктеу турларынан өте алмады. Мәре сызығы жақындаған сайын олардың қатары да сиреді. Қазақстан енді санаулы ғана саңлақтардан үміт күтіп отыр. Жартылай финалға шығып, елді елеңдетіп қойған Қамшыбек Қоңқабаев та кеше қоланы місе тұтты. Жалпы, Қазақ спортындағы ахуал мен ел спортының «бағы мен бабы» жайлы газет тілшісі сараптап көрген еді.

Сонымен, елдегі спорттың дамуы, мемлекеттік бағдарламалар мен ұлттық құрамалар дайындығы, бұқаралық спортты қолдау қалай жүргізіліп, жүзеге асып жатыр?

Мәдениет және спорт министрлігінің 2020–2024 жылдарға арналған стратегиялық жоспарының іске асырылуы бойынша министрдің есебіне қарағанда еліміздегі спорттың дамуы жаман емес. 2013 жылдың маусымынан бастап тәулік бойы «QazSport» спорт арнасы жұмыс істейді және хабар таратады. Ол бүкіл халыққа әлемдік және республикалық спорт жарыстары бойынша спорттық ақпарат береді. Салауатты өмір салтын насихаттау және бұқаралық спортты дамыту шеңберінде бұқаралық іс-шараларды (спартакиадалар, турнирлер, спорттық отбасылық жарыстар, жаппай жүгіру) жүйелі түрде өткізу қамтамасыз етілді. Былтыр 1,5 млн адамды қамтитын 21 мыңнан астам іс-шара өткізілді. Спорт ғимараттарының қолжетімділігін арттыру және сапасын жақсарту есебінен балалардың дене тәрбиесі жүйесін жетілдіру бойынша қабылданған шаралардың арқасында оқушылардың спорт секцияларындағы сабақтарға деген қызығушылғының артуы байқалады. Дене шынықтырумен және спортпен айналысатын балалар мен жасөспірімдер саны 17% өсті және ол 3,3 млн оқушының 560,9 мыңын құрады. Жергілікті бюджет және демеушілік қаражат есебінен, сондай-ақ МЖӘ шеңберінде 46 дене шынықтыру-сауықтыру кешенінің, 6 стадионның, 2129 спорт залының, 19 жүзу бассейнінің, 13 спорт манежінің және басқа да объектілердің құрылысы аяқталды. «Атамекен» ҰКП 2016 жылғы 22 желтоқсандағы №288 бұйрығымен бекітілген салалық білім беру шеңбері, сондай-ақ дене шынықтыру және спорт саласындағы сұранысқа ие 14 мамандық бойынша 4 кәсіби стандарт әзірленіп, бекітілді.Олар: «Бұқаралық дене шынықтыру мен спортты дамыту», «Спорт объектілеріне қызмет көрсету және пайдалану», «Команда мен спортшының жұмысын ұйымдастыру», «Бұқаралық дене шынықтыруды дамыту», «Спорт объектілерін басқаруды техникалық қамтамасыз ету». Республикада мүмкіндігі шектеулі адамдарға арналған 13 спорттық клуб және 3 мектеп жұмыс істейді. ҚР Ұлттық паралимпиада комитеті спорт түрлері бойынша ұлттық құрама командаларды даярлау үшін министрліктен 2,7 млрд теңге алды.

Бүкіләлемдік допингке қарсы кодекс бойынша 2020 жылы 3 мың сынама алынды. Допингке қарсы ереже бұзушылық саны 20-ны (жеңіл атлетика – 6, волейбол – 3, ауыр атлетика, ескек есу және каноэде есу, велоспорт, пара-пауэрлифтинг екі-екіден, күрес, гимнастика, пауэрлифтингтен бір-бірден). Саланың нормативтік-құқықтық базасы жетілдірілді. Өзгерістер спортшыларға, жаттықтырушылар мен басшыларға қатысты жарыстан шеттету, Олимпиада ойындарының және басқа да жарыстардың жүлдегерлеріне берілген ақшалай көтермелеуді, тұрғын үйді қайтару, өмір бойғы материалдық қамтамасыз етуді төлеуді, ай сайынғы ақшалай қамтамасыз етуді тоқтату, спорттық атақтан, разрядтан айыруды көздейді.

Министр Ақтоты Райымқұлованың 26 мамырдағы есепті кездесуінде өскемендік тұрғынның легионерлер санын азайтуға қатысты сауалына: Қазақстан футбол федерациясының 2015 жылы футбол жарыстарын өткізу регламентіне енгізген өзгерісі бойынша «легионер» ұғымының орнына «Қазақстан футболының тәрбиеленушісі» деген жаңа ұғым енгізілгенін айтты. «Қазақстан футболының тәрбиеленушісі» – азаматтығына қарамастан 3 жыл бойы 12-21 жас аралығында қазақстандық футболшы ретінде тіркелген.



«Су добы бойынша отандық резервті дайындау және легионерлер санын қысқарту жөніндегі мақсатты жұмыстардың нәтижесінде қазақстандық клубтардың құрамында шетелдік азаматтар ойыншылар ретінде жоқ. Алғаш рет су добынан ұлттық құраманың ойыншылары Токиодағы Олимпиада ойындарына қатысу үшін лицензия жеңіп алды», –деген А. Рахметоллақызы 2019 жылдан бері Мәдениет және спорт министрлігін басқарып келе жатқанымен, спортты әлі толықтай меңгеріп кете алмағанын да аңғартты. Шындығында, су добынан Қазақстанның ерлер құрамасы Олимпиада ойындарында 2000 жылы – 9, ал 2004 пен 2012 жылдары 11-орын алған болатын.

Токиода барлық қарсыластарынан ойсырай ұтылып жатқан қазақстандық су добы шеберлері туралы еліміздегі белгілі спорт журналистерінің бірі Нұрғазы Сасаев фейзбук әлеуметік желісіндегі өз парақшасында «Байқаймын, біраз адам су добынан Қазақстан құрамасын сынап жатыр. Кезінде Асқар Оразалиновке жұмыс істетпеген, сол федерациядағылар. Асекең, ылғи өз балаларымызды жинап, «3-4 жыл уақыт беріңіздерші, осылардың қанатын бекітіп алғанша», деп зар илегенде ешкім елемеген. Содан құрама тізгінін Дроздовқа берді. Ол бірден Ресейден легионерлер шақырып, Асқар жасақтап кеткен құрамаға соларды қосты. Иә, Бусандағы Азия ойындарында топ жарды. Ал қазір қайда, сол адам? Не Дроздов жоқ, не су добы жоқ!» деп жазды.

Министр есептік кездесуінде риддерлік тұрғынның спорт мектептерін бітірушілердің спорттық мансабын жалғастыруына қатысты сауалына: «Олимпиадалық резервтің республикалық мамандандырылған спорт мектеп-интернатында оқушылардың контингенті 2073 адамды құрайды. Түлектердің жалпы санынан 194-і ЖОО-ның «дене шынықтыру және спорт» факультетіне, 147-сі спорт колледждеріне түсті. Қалған түлектер – еліміздің басқа жоғары оқу орындарына түсіп, денсаулығына, отбасылық жағдайына байланысты спорттық мансабын аяқтады. Сондай-ақ, спорт мектептерінің кейбір түлектерінің жаттықтырушылық қызметпен айналыспау себептерінің бірі ісін жаңа бастаған жаттықтырушы-оқытушы жалақысының төмендігі болып табылады (республикада мемлекеттік спорт мектептерінде жұмыс істейтін тәжірибесі мен санаты жоқ жаттықтырушы айына орта есепен 35-40 мың теңге алады). Осыған байланысты министрлік дене шынықтыру және спорт саласындағы қызметкерлерді әлеуметік қолдау бойынша шаралар қабылдауда. Оқытушы-жаттықтырушының жалақысы 2023 жылға дейін 2 есеге артады, дене шынықтыру және спорт бойынша сабақтан тыс секцияларды жүргізгені үшін мұғалімдерге базалық лауазымдық жалақыдан 100 % мөлшерінде қосымша ақы енгізіледі. Халықпен жұмыс істеу үшін спорт жөніндегі нұсқаушылардың штат бірліктерімен қамтамасыз етіледі» деді. Ал атыраулық тұрғынның ұлттық спорт түрлерін оқу бағдарламасына енгізуге қатысты сауалына: «білім берудің барлық деңгейінде дене шынықтыру сабақтарына ұлттық спорт түрлерінен міндетті компонент енгізілетін болады. Бүгінгі таңда министрлік ұлттық спорт түрлерінің тізбесін бекітті. Оған Қазақстан Республикасының аумағында ресми түрде танылған 9 спорт түрі (қазақ күресі, тоғызқұмалақ, бәйге, көкпар, аударыспақ, жамбы ату, жекпе-жек, асық ату, құсбегілік) енді. Қазіргі таңда қолданыстағы материалдық-техникалық базаны, кадрлық әлеуетті ескере отырып, ең бастысы оқушылардың қауіпсіздік шараларын ескеріп, білім беру ұйымдарында дене шынықтыру сабақтарына «қазақ күресі», тоғызқұмалақ, «асық ату» спорт түрлерінен міндетті компонент енгізу жоспарлануда» дегенді айтты.

Спорт жаттықтырушылары жеткілікті

Маусым айында Парламент Мәжілісіндегі Қазақстан Халық партиясы фракциясы мүшелері ҚР Премьер-Министрінің орынбасары Е. Тоғжановқа депутаттық сауал жолдады. – «Еңбек ресурстарын дамыту орталығы» АҚ болжамдары бойынша «Спорт жаттықтырушылары мен оқытушылар» сабақтар тобы бойынша 2020–2025 жылдарға қажеттілік 4 мыңнан 6 мыңға дейін жұмыскерді құрайды (6 жыл ішінде орын ауыстыруға сұранысты қоса алғанда). Ал дене шынықтыру мамандарына жыл сайынғы қажеттілік 667-ден 1000-ға дейінгі жұмыскерді құрайды. Осыған байланысты дене шынықтыру және спорт саласындағы кадрларға қажеттілікті қанағаттандыру үшін мемлекеттік қолдау қажет. Атап айтқанда, жоғары және жоғары оқу орнынан кейінгі білімі бар кадрларды даярлауға мемлекеттік білім беру гранттарының тиісті санын бөлу қажет.

Бұқаралық спортты дамыту үшін жаңа форматтағы кадрлар қажет. Бүгінгі күні Қазақстанда спорт бойынша менеджерлер мен нұсқаушыларды даярлау жүзеге асырылмайды, ал Европа елдерінде (Қазақстан Болон процесіне қатысушы ел болып табылады) білім беруді сыныптаудың халықаралық стандарттарына сәйкес спорт «Қызмет, Қызмет көрсету» саласына жатады. Қазіргі уақытта жоғары және жоғары оқу орнынан кейінгі білімі бар кадрларды даярлау бағыттарының сыныптауышына сәйкес «Қызмет көрсету саласы» бағытында кадрлар даярлауға тиісінше мемлекеттік тапсырыс бөлінетін «Туризм», «Бос уақыт», «Мейрамхана ісі және қонақ үй бизнесі» білім беру бағдарламаларының топтары енгізілген. Бұл бағытта «Спорт» білім беру бағдарламаларының тобын құру қажет деп санаймыз, онда жоғары білімі бар кадрларды даярлауға мемлекеттік білім беру тапсырысын бөле отырып, спорт жөніндегі менеджерлер мен нұсқаушыларды даярлау жүзеге асырылатын болады» деген еді депутаттар. Оған Ералы Тоғжанов: «2021–2025 жылдарға арналған еңбек нарығы қажеттілігінің орта мерзімді нәтижелеріне сәйкес алдағы бес жылда Қазақстанға 5110 спорт жаттықтырушысы мен нұсқаушысы талап етіледі. Дене шынықтыру мұғалімдерін даярлаумен еліміздің 40 жоғары оқу орны айналысады. Спорт саласында кадр қажеттілігін өтеу үшін 2020−2021 оқу жылына «Дене шынықтыру мұғалімдерін даярлау» білім беру бағдарламалары тобына 395 грант бөлінді (бакалавриат – 350, магистратура – 40, докторантура – 4). Өткен оқу жылымен салыстырғанда білім беру гранттарының саны 171 бірлікке артты. Қалған қажеттілік ақылы негізде оқитын контингенттің есебінен қанағаттандырылады. Атап айтқанда, 2020−2021 оқу жылында «Дене шынықтыру мұғалімдерін даярлау» білім беру бағдарламалары тобының аясында 12 мыңнан астам студент тәлім алады. Осыған орай қазіргі таңда спорт жаттықтырушысы мамандығы бойынша кадр тапшылығы жоқ. Еңбек нарығында «спорт менеджері» мамандарына сұраныс болған жағдайда кез келген білікті жоғары оқу орны білім беру бағдарламасын әзірлеп, оны Білім беру бағдарламаларының тізіліміне енгізе алады. Алайда қажеттіліктің және жұмысқа орналасу көрсеткішінің аз болуына байланысты, жаңа білім беру бағдарламаларын әзірлеу қажеттілігі анықталмаған. «Спорт» білім беру бағдарламалар тобын құру және оны «Қызмет көрсету саласы» кадрлар даярлау бағытына қосу туралы мәселе биыл ақпанда Қазақ спорт және туризм академиясының базасында қызмет ететін спорт мамандықтары бойынша Оқу-әдістемелік бірлестікпен талқыланды. Отырыстың қорытындылары бойынша «Дене шынықтыру мұғалімдерін даярлау» білім беру бағдарламалары тобының атауын «Дене шынықтыру мұғалімдері мен спорт бойынша жаттықтырушыны даярлау» деп өзгерту және оны педагогикалық мамандықтар тобында қалдыру туралы шешім қабылданды. Салалық оқу-әдістемелік кеңестің ұсынысы ағымдағы жылдың соңына дейін Республикалық оқу-әдістемелік кеңестің кезекті отырысында қаралады. Осы бағытта жұмыс жалғасуда және ұдайы Үкіметтің бақылауында», деп жауап берді.

Олимпиада төріндегі жеңілістер кездейсоқтық па?

Қазақстан егеменді мемлекет ретінде Олимпиада ойындарына 1994 жылдан бері жеке команда қосып жүр. 2021 жылға дейін спортшыларымыз ие болған 59 медальдің 52-сі жазғы, жетеуі қысқы Олимпиадада қоржынымызға түскен болатын. Мәселен, Жазғы Олимпиадада спортшыларымыз бокс, ауыр атлетика, жеңіл атлетика, еркін күрес, грек-рим күресі, дзюдо, таэквонда, велоспорт, қазіргі бессайыс, нысана көздеу сияқты спорт түрлерінен. Қысқы олимпиадада – шаңғы жарысы, конькимен жүгіру, биатлон, мәнерлеп сырғанаудан ғана жеңіс тұғырынан көріне алды. Ал Олимпиада ойындарының бағдарламасында жазғы жарыста – 42, қысқы жарыста – 15 спорт түрі бар. Яғни, әр федерация бір ғана спорт түрінің атауын ұсына алады. Сондықтан кейде бір спортта бір емес, ондаған медальдар жиынтығы сарапқа түсіп жатады. Осыған қарамастан қазақстандықтар қатысатын және көрермен медаль күтетін спорт түрлерінің саны әрдайым шектеулі. Қазақстандықтар әсіресе, командалық ойындарға өте сирек қатысады. Қатысқан күнде де онда медаль иелену көрсеткіші өте төмен. Бұл мәселе бұқаралық ақпарат құралдарында да, түрлі жиындарда да жиі айтылғанымен әзірге одан нәтиже болмай тұр. Бұл тығырықтан шығудың жолы ретінде мамандар соңғы кезде спорт саласын Мәдениет министрлігінен бөліп, жеке отау құруға әкеп тіреп жүр. Шынында да әлі күнге дейін ұлттық деңгейдегі арнайы ғылыми-зерттеу институтын құра алмай жүрген Мәдениет және спор министрлігінің жұмысына айтылатын сын жыл өткен сайын көбеймесе, азаяр түрі жоқ. Спорт мектептерінің саны мен сапасы ғана емес, олардың жұмысының тиімділігін арттыруға қатысты ұсыныс-тілектерді жинақтап, материалдық-техникалық базасын жаңғыртуға қатысты іс-шаралар өте баяу жүруде. Ұлттық құраманы жасақтау, оның оқу-жаттығу жиындарын жоспарлау, спортшылардың көрсеткішін ұдайы жетілдіру жағын ғылыми негізбен кешенді түрде жүргізу жүйеленбеген. Бұдан кейін жанкүйерлер айтып, жазып жатқандай спортшыларымыздың сәтсіздігіне кімді кінәлайтынымызды өзіміз де білмейміз. Бапкерінің ақыл-кеңесіне құлақ аспайтын және көзінен жеңіске деген құштарлығы сезілмейтін спортшыларды ма, әлде оларды жарыстан-жарысқа сүйреп әбден шаршатып алған жаттықтырушыларды айыптаймыз ба белгісіз. Бұл жіптің бір ұшығы құзырлы министрліктегі салаға жауапты шенеуніктер мен федерация басшыларына да тіреліп тұрғанын көзі қаракты жұрт іштей сезіп, біліп тұрғанымен шешім қабылдауға қатыса алмайтын болған соң дәрменсіз.

Ерлік ЕРЖАНҰЛЫ,
«Заң газеті»

САРАП

НОТАРИАТ САЛАСЫНДАҒЫ ЖАҢАШЫЛДЫҚТАР

Мемлекет басшысы биыл ҚР Парламентінің депутаттары бастамашылық еткен нотариат, жылжымайтын мүлікке құқықтарды және заңды тұлғаларды мемлекеттік тіркеу мәселелері бойынша заңнамалық актілерге түзетулер енгізу туралы заңдарға қол қойды.

Қабылданған түзетулерді жасамас бұрын қолданыстағы заңнама мониторингінің нәтижелері және құқық қолдану практикасына талдау жасалды.

Нотариат саласын алдағы уақытта қандай жаңашылдықтар күтіп тұр?

Нотариатты цифрландыру үрдісі осыдан он жыл бұрын Бірыңғай нотариаттық ақпараттық жүйенің құрылған сәтінен басталған.

Соңғы өзгерістер заңмен жүйеге енгізілетін мәліметтер, оның мәтіні, оларды беру талаптарын регламенттейтін түзетулер, сондай-ақ, жүйені сүйемелдейтін тұлғалар мен нотариустардың бірқатар міндеттері қарастырылды.

Нотариаттық іс-әрекеттерді жүйенің электрондық тізілімінде тіркеу кезінде нотариустар олардың жасалғаны, мұрагерлік істің ашылғаны және өсиеттердің есепке алынғаны туралы мәліметтерді енгізуге міндетті болып табылады. Көрсетілген мәліметтер – дереу түрде, ал мұраның ашылғаны туралы мәлімет тиісті өтініш келіп түскеннен кейінгі келесі жұмыс күнінен кешіктірілмей енгізілуі тиіс.

Атап өту қажет, 2018 жылдан ашылған мұрагерлік істерді, куәландырылған сенімхаттарды, ал 2020 жылдан – нотариустармен жасалған атқарушы жазбаларды http://notariat.kz/ және http://enis.kz/CheckTestament интернет-қорларында тексеру қолжетімді.

Заңмен тұлғалардың өздеріне қатысты осындай мәліметтерді ақысыз негізде алу құқығы белгіленді.

Жүйе нотариаттық іс-әрекеттердің электрондық, мұрагерлік істер, өсиеттерді есепке алу тізілімдерінен және электронды нотариаттық репозиторийдан тұрады.

Орталықтандырылған электронды репозиторий жүйесі мен нотариустың электронды архивін құру 2022 жылдың 1 қаңтарынан жүзеге асырылады.

Заңның жаңашылдығының бірі – жылжымайтын мүлікпен мәмілелерді ресімдеуде эксаумақтық қағидатының енгізілуі. Бұл азаматтардың уақыты мен қаражатын үнемдеп, өздері тұрып жатқан елді мекенде отырып республиканың басқа жеріндегі жылжымайтын мүлкін рәсімдеуге мүмкіндік береді және коронавирус инфекциясының таралуы жағдайында өте өзекті болып табылады.

Жүйеде әрбір нотариаттық құжатқа автоматты түрде бірегей QR-код берілетін болады. Бұл құжатты бұрмалаудан сақтайды.

2016 жылы Азаматтық кодекс мәмілелерді жазбаша нысанда қағаз жеткізгіште және де электрондық нысанда жасау мүмкіндігі нотариустарға нотариаттық іс-әрекеттерді электрондық цифрлық қолтаңбаны немесе графикалық планшеттерді пайдалану арқылы электронды нысанда жасау құқығын заңнама жүзінде бекітуге мүмкіндік берді.

Енді азаматтар өз қалаулары бойынша нотариаттық іс-әрекеттерді электрондық цифрлық қолтаңбасымен немесе цифрлық қолтаңбаға арналған графикалық планшеттің көмегімен электрондық нысанда жасай алады.

Қағаз жүзіндегі құжаттар бірте-бірте қалып бара жатыр: оларды үнемі алып жүру ыңғайсыз, бір ғана данадағы құжатты жоғалтып немесе бүлдіріп алу қаупі тағы бар.

Заңмен нотариуспен дайындалған электрондық түрдегі құжаттың қағаз жүзіндегі құжатқа, сонымен қатар, қағаз жүзіндегі құжаттың электрондық түрдегі құжатқа теңділігін куәландыру бойынша жаңа нотариаттық іс-әрекет енгізіледі.

Мысалы, нотариусқа қағаз жүзінде ресімделген құжат ұсынылады. Нотариус оның электрондық түрдегі бейнесін жасайды және олардың теңділігін растайды. Сонымен екі құжаттың тең заңдық күші белгіленеді.

Ал электронды түрде келіп түскен құжатты нотариус қағазға түсіріп, оның бірдей екенін куәландырады. Сонымен қатар, электронды құжатты жасаған тұлғаның қолы тексеруден өткені туралы көрсетеді.

Мысалы, сенімхатты бір қаладан екінші қалаға жеткізу қажет. Тұлға сенімхатты куәландыру үшін нотариусқа жүгінеді. Нотариус сенімхатты электронды түрде жасайды және онымен жасалған сенімхаттың мазмұнының барабарлығының қағаз нұсқасын электронды түрде растайды. Нотариус басқа қалада кері рәсімін жасайды. Аталмыш нотариаттық іс-әрекеттің артықшылығы айқын. Бұл – сенімділік, үнемділік, жеделдік.

Аталған өзгертулер биылғы 1 шілдеден бастап енгізілді және сандық технологиялар дәуірінде азаматтардың меншік құқықтарының қорғалуының кепілі болып табылады.

Жылжымайтын мүлікке құқықтарды тіркеу саласы бойынша алты айлық мерзімді өткізіп алған тұлғаларға әкімшілік жауапкершілік алып тасталды.

Соңғы төрт жылда осы саладағы әкімшілік өндірістердің айтарлықтай төмендегені байқалады. Бұл меншік иелерінің мүліктерін уақытылы тіркегенін және құқықтарын толыққанды іске асырғанын растайды.

Жергілікті жерлердегі сәулет және қала құрылысы органдары жылжымайтын мүлік объектісінің бұзылғанын растайтын құжат беруге жауапты болып заңды түрде айқындалды.

Бұрын меншік иесі жер учаскесі бар тұрғын үй сатып алып, өзінің тұрғын үй жағдайын жақсартқысы келіп, ескі үйді бұзып, жаңасын салған. Алайда, объектіні бұзу туралы құжаттың болмауы салынған үйге құжатты заңдастыруды қиындатты.

Бұл олқылықты жою жылжымайтын мүлік дерекқорындағы объектілер туралы мәліметтерді уақытылы жаңартуға және тиімді салық салуға ықпал етеді.

Құқық ауыртпалықтарын, заңдық талаптарды тоқтатуды тіркеу мерзімі бір жұмыс күніне дейін қысқартылды, бұл меншік иелеріне өз мүлкіне жедел билік етуге мүмкіндік береді.

Одан басқа, Қатысушы жарғылық капиталдағы үлесін иеліктен айыру кезінде шаруашылық серіктестікті қайта тіркеу үшін қажетті құжаттар тізбесі белгіленген «құқықтық кадастр» ұғымының анықтамасы түзетілді.

Үрмия ҚҰЛЫМБЕТ,
Түркістан облысы
Әділет департаментінің
Тіркеу қызметі саласындағы
әдістемелік қамтамасыз ету және
бақылау бөлімінің бас маманы,
Қазақстан заңгерлері одағының
мүшесі

БІЛГЕН ЖӨН

ЛОМБАРД ҚЫЗМЕТІНЕ СҰРАНЫС АРТТЫ

Қазіргі таңда банк және өзге де банктік қызметпен айналысуға лицензия алған ұйымдардың әртүрлі мақсаттарда берілетін несиелердің саны, яғни, халықтың жеке мақсаттары үшін, оның ішінде жылжымалы, жылжымайтын мүлікті сатып алуға, кәсіпкерлердің кепіл беру арқылы несие алып кәсіптік қызметтерін дамыту үшін алынып жатқан несиелердің саны жылдан-жылға артып келеді. Бүгінгі күні несие алу халықтың күнделікті өміріне енгені соншалықты, кез келген дүкендерде тауарды қарызға беру салтымызға айналған іспеттес, әрине ұсақ-түйек тауарларды алу үшін мүлікті кепілге қоюдың ешқандай мәні жоқ, алайда тез арада автокөлік иесі болғыңыз келген жағдайда, ипотека шартын жасасу арқылы армандаған «тұлпарыңызды» иеленуге толық мүмкіндік бар.

Міндеттемені қамтамасыз ету тәсілі ретінде кредиторлардың талаптарын қанағаттандыру үшін қосымша қорғау шараларын белгілеу арқылы борышкерлердің міндеттемелерін тиісті түрде орындауға ынталандыру үшін заңнамамен немесе шартпен көзделген арнайы мүліктік сипаттағы шаралар болады.

Елімізде ломбардтардың қызметі Азаматтық кодекспен, «Қазақстан Республикасындағы банктер және банк қызметі туралы» заңымен, «Қазақстан Республикасының Ұлттық банкі туралы» заңымен, Ломбардтардың сауда қызметін жүзеге асыру қағидаларын бекіту туралы» бұйрықпен реттеледі.

Ломбард – азаматтарға жеке пайдалануға арналған жылжымалы мүлік кепіліне қысқа мерзімді қарыздар беру бойынша кәсіпкерлік қызметті жүзеге асыратын, ломбард ретінде тіркелген заңды тұлға.

Ломбардтардың қызметінің ерекше түрлері:

1.Жылжымалы мүлікті кепілге алу арқылы қысқа мерзімді қарыздар беру;

2.Құрамында қымбат металдар мен қымбат тастары бар зергерлік бұйымдарды есепке алу, сақтау және сату.

Қазіргі таңда елімізде ломбард қызметін жүзеге асырып жүрген ұйымдар өте көп. Әрине, бұл қызмет түріне сұраныс та бар.

Нарықтық экономиканың кеңінен дамуы кезеңінде халықтың жалақыға дейін құнды заттарын ломбардқа кепіл ретінде қалдырып ақшалай қарыз алу тәжірибесі кеңінен қолданылады. Әрине, ақшалай соманы тез алудың бір тәсілі ретінде өте қолайлы. Алайда, осы әрекеттерден туындайтын проблемалар да аз емес.

Ломбард қызметін пайдалануға ниетті әрбір тұлға, яғни, қарыз алушы осы ұйыммен шартқа отырады.

Қарыз алушы – бір мезгілде кепіл беруші болып табылатын және кепіл ретінде жеке пайдалануы үшін арналған жылжымалы мүлікті бере отырып, ломбардтан қысқа мерзімді қарыз алатын жеке тұлға.

Ломбард бір уақытта кепіл беруші болып табылатын жеке тұлғаға – қарыз алушыға кепіл нысаны болып табылатын жылжымалы мүлікті бір жылдан аспайтын мерзімге қайтарымды және өтелетін негізде қарыз береді.

Заң нормаларына сәйкес ломбардтан жылжымалы мүлікті кепілге салып қысқа мерзімге алынған қарызды өндіру ҚР АК 317-бабына сәйкес жүзеге асырылады. Кепілге салынған мүлікті мәжбүрлі соттан тыс тәртіпте сату ҚР АК 319-бабында белгіленген тәртіппен жария саудада өткізу жолымен жүргізіледі.

Кепілге салынған мүлікті сату ҚР АК 152-бабында көзделген жағдайларда сатып алу-сату шартымен және операцияның жасалу фактісін растайды. 2017 жылғы 25 желтоқсандағы ҚР Салық кодексіне сәйкес қағаз не электронды түрде жасалған бастапқы есепке алу құжатымен қарыз алушыға кодекстің талаптарына сәйкес кепілге салынған мүліктің сатылуы туралы міндетті түрде хабарлауымен рәсімделеді.

Сонымен, ломбард өзінің мүддесін қорғау үшін ҚР «Нотариат» туралы заңының 92-1-бабына сәйкес арызбен жүгінеді, бұл арыздардың нысаны мен мазмұны сот бұйрығын шығару туралы арыздың нысаны мен мазмұнына қойылатын ҚР АПК 136-бабында көзделген талаптардың негізінде жазылуы тиіс. Нотариус арыздың нысаны мен мазмұны заң талаптарына сәйкес келетініне, соның ішінде өндіріп алушының талабы және ол негізделген мән-жайлар, мәлімделген талапты растайтын құжаттың тізбесінің, мүліктің тиісті құжаттармен расталған құны көрсетілгеніне көз жеткізген соң, атқарушылық жазба жасайды. Алайда, атқарушылық жазбаны жасаудың екі шарты сақталуы тиіс. Егер ұсынылған құжаттар берешектің немесе борышкердің өндіріп алушы алдындағы өзге де жауапкершілігінің даусыз екенін растау және талап қою құқығы туындаған күннен бастап үш жылдан аспайтын уақыттың сақталуы керек. Атқарушылық жазба жасалғаннан кейін келесі жұмыс күнінен кешіктірілмей борышкерге көшірмесі табыс етіледі немесе жеткізілгенін тіркеуді қамтамасыз ететін байланыс құралдарын пайдалана отырып, борышкердің электрондық пошта мекенжайы бойынша немесе белгілі тұрғылықты немесе тіркелген жері бойынша жіберіледі, алайда борышкер атқарушылық жазбаға қарсылығын оны алған күннен бастап үш жұмыс күні ішінде жазбаша түрде себептерін көрсете отырып жолдауға құқылы. Себептер әртүрлі болуы мүмкін, мысалы кепіл берушінің мүлікті бағалау сомасымен келіспеуі, қарыз сома ішінара төленуі, яғни кепіл берушінің өзге де дәлелді уәждері болса, нотариусқа қарсылықпен жүгіне алады.

Айкерім ТЕЛЕСБАЕВА,
Байзақ аудандық сотының судьясы
ЖАМБЫЛ ОБЛЫСЫ

ТҰҒЫР

АБЫРОЙЫ АСҚАҚ – АТА ЗАҢ!

Кез келген мемлекеттің, елдің тәуелсіздігін, демократиялық құндылықтарын айқындайтын негізгі құжат – Конституция. Онда мемлекеттің барлық құрылымдарының, жеке азаматтардың, ұлт пен ұлыстардың, әлеуметтік топтардың мақсаттары, міндеттері, құқықтары көрсетіледі.

Ата Заңымыздың алғашқы бабының бірінші тармағында, «Қазақстан Республикасы өзін демократиялық, зайырлы, құқықтық және әлеуметтік мемлекет ретінде орнықтырады, оның ең қымбат қазынасы – адам және адамның өмірі, құқықтары мен бостандықтары» деп тайға таңба басқандай жазылғандығынан елдің әрбір саналы азаматы хабардар. Демек, барша қазақстандықтарды тұрқына, нәсіліне, жасына, жынысына қарап аражігін ажыратпай барлық азаматтарға өз құқықтарын сақтауға теңдік берілген. Ал егер заң талаптарын біле тұра өрескел бұзса лауазым иелері атақ-даңқтарына бөлінбей, сот алдында кесілген өкіммен жазаланады. Міне, Конституцияның маңыздылығы да осында.

Біздің еліміз – Президенттік басқару нысанындағы біртұтас мемлекет. Конституция заң шығарушы, атқарушы және сот билігінің барлық қызметі адамның құқықтары мен бостандықтарын қорғау екенін дәйектеп берді. Қазақстанда әрбір адам сот арқылы өзінің құқықтары мен бостандықтарын қорғай алады. Конституцияда сот билігі Қазақстандағы биліктің бір тармағы ретінде танылып, соттар мен судьялардың мәртебесі заң жүзінде белгіленді. Сот төрелігін сот қана жүзеге асырады. Сот билігі Қазақстан атынан жүзеге асырылады және азаматтар мен ұйымдардың құқықтарын, бостандықтары мен заңды мүдделерін қорғауға, Конституцияның, заңдардың, нормативтік құқықтық актілерінің, халықаралық шарттарының орындалуын қамтамасыз етуге қызмет етеді.

Ата Заңды сыйлау, оның талаптарын мүлтіксіз орындау, оны құрметтеу – баршамыздың қасиетті міндетіміз.

А.БИСЕНОВА,
Казталов ауданы
№2 сотының кеңсе меңгерушісі
БАТЫС ҚАЗАҚСТАН ОБЛЫСЫ

КИЕ

ҚУАТТЫ ҚАРУ

А.МҰХАМБЕТҚАЛИЕВ,
Ақтөбе қалалық сотының кеңсе бас маманы - сот отырысының хатшысы

Ұлттың қалыптасуымен қатар қазақ тілі де дамыды. Сонымен қатар, қазір де тілді байыту процесі елде үздіксіз жүріп жатыр. Ол әдеби мәдени өмірімізден айқын көрінеді.

ҚР Президенті Қасым-Жомарт Тоқаев осыдан біраз бұрын алдағы уақытта қазақ тілінің рөлін күшейту қажеттігі туралы мәлімдеме жасады: «Мемлекеттік тіл ретіндегі қазақ тілінің рөлі артады. Оның ұлтаралық қатынас тілі болатын уақыты да келеді» деген Президент. Мемлекеттік тілді осы елді мекендеуші кез келген адам құрметтеуге тиіс. Егер елде ҚР Тіл туралы заңнаманың бұзылуына жол берілсе, оларға ҚР заңдарына сәйкес жауаптылық бар. Мысалы, лауазымды адамның мемлекеттік тілді білмеу желеуімен жеке және заңды тұлғалардың өтініштерін қабылдаудан бас тартуы, мемлекеттік тілдің және басқа да тілдердің қолданылу салаларында олардың пайдаланылуына кез келген кедергі келтіру, сондай-ақ деректемелер мен көрнекі ақпаратты орналастыру бойынша талаптарды бұзу – кінәлі мемлекеттік органдардың бірінші басшылары не аппараттардың басшылары, сондай-ақ, жеке және заңды тұлғалар үшін Қазақстан заңдарында көзделген жауаптылыққа әкеп соғады.

Қазіргі жағдайда мемлекеттіліктің болашағы, мемлекеттің ұлттық құндылықтар жүйесін сақтау – қорғау қабілетіне тікелей байланысты. Ұлттық құндылықтарды қорғау – бұл елдің ұлттық қауіпсіздігін қамтамасыз ету жөніндегі шаралар жүйесінің басты мақсаты. Мемлекеттің өзін-өзі сәйкестендіруді жоғалтуы, бірыңғай құндылық базасының болмауы, өз кезегінде, ұлттық қауіпсіздікке қауіп төндіреді.

Тіл – байланыс, қатынас құралы ғана емес, сонымен қатар Елбасы Нұрсұлтан Назарбаев айтқандай, «тіл – қазақ халқын біріктіруге қабілетті қуатты қару». Жойылу алдында тұрған қазақ тілі мемлекеттік мәртебеге ие болып, тәуелсіздікпен бірге қайта жанданды.

Жер учаскесін жеке меншікке немесе жер учаскесін жалдау құқығын сату бойынша сауда-саттық (аукцион) өткізу туралы хабарландыру
Құрметті сауда-саттыққа әлеуетті қатысушылар!

«Зеренді ауданының жер қатынастары бөлімі» ММ 2021 жылдың 24 тамызында сағат 10:00-де (жергілікті уақыт) Мемлекеттік мүлік Тізілімінің веб-порталында бағаны көтеру әдісімен жер учаскесін жеке меншікке немесе жер учаскесін жалдау құқығын сату бойынша электрондық аукцион өткізілетіндігі туралы хабарлайды. www.gosreestr.kz (бұдан әрі – Портал) арқылы жүзеге асырылады.

Аукционды өткізу шарттары.

Бағаны көтеру аукционы:

1) егер аукцион залында аукцион басталған сәттен бастап жиырма минут ішінде қатысушылардың бірде-біреуі осы Қағидалардың 46-тармағына сәйкес белгіленген қадамға жекешелендіру объектісінің бастапқы бағасын арттыру жолымен жекешелендіру объектісін сатып алу ниетін растамаса, онда осы жекешелендіру объектісі бойынша аукцион өтпеді деп танылады;

2) егер аукцион залында аукцион басталған сәттен бастап жиырма минут ішінде қатысушылардың бірі жекешелендіру объектісінің бастапқы бағасын осы Қағидалардың 46-тармағына сәйкес белгіленген қадамға ұлғайту жолымен жекешелендіру объектісін сатып алу ниетін растаса, онда бастапқы баға белгіленген қадамға ұлғайтылады;

3) егер ағымдағы баға ұлғаюынан кейін жиырма минут ішінде қатысушылардың бірде-біреуі ағымдағы бағаны ұлғайту жолымен жекешелендіру объектісін сатып алу ниетін растамаса, онда жекешелендіру объектісін сатып алу ниетін соңғы растаған қатысушы жеңімпаз болып танылады, ал осы жекешелендіру объектісі бойынша аукцион өткізілген болып танылады.

Жекешелендіру объектісі бойынша бағаны көтеру аукцион қатысушылардың бірі ұсынған ең жоғары бағаға дейін жүргізіледі.

Егер жекешелендіру объектісінің бастапқы бағасы бағаны ұлғайтудың кемінде екі қадамына көтерілген жағдайда ғана жекешелендіру объектісі бойынша бағаны көтеруге арналған

Аукцион өткізілді деп есептеледі, бұл ретте бастапқы бағаны екі қадамға арттыруды кемінде екі қатысушы жүзеге асырады.

Бағаны көтеру әдісін қолдана отырып аукционға мынадай сату объектілері қойылады:

1.Жер учаскесінің нысаналы мақсаты – ғимараттар құрылысы және оған қызмет көрсету үшін (құрылыс, ғимарат);
Жер учаскесінің орналасқан жері – Ақмола облысы, Зеренді ауданы, Қанай би ауылдық округі, Игілік ауылы;
Жер учаскесінің алаңы (гектар) – 0,30;
Сату объектісі (құқық түрі) – жеке меншік;
Жер учаскесіне ауыртпалық салу – жоқ;
Жер салығының сомасы (теңге) – 2 592;
Бастапқы бағасы (теңге) – 315 000;
Кепілдік жарнаның сомасы (теңге) – 145 850;

2.Жер учаскесінің нысаналы мақсаты – ғимараттар құрылысы және оған қызмет көрсету үшін (құрылыс, ғимарат);
Жер учаскесінің орналасқан жері – Ақмола облысы, Зеренді ауданы, Зеренді ауылы, Зеренді ауылдық округі;
Жер учаскесінің алаңы (гектар) – 0,05;
Сату объектісі (құқық түрі) – жеке меншік;
Жер учаскесіне ауыртпалық салу – жоқ;
Жер салығының сомасы (теңге) – 432;
Бастапқы бағасы (теңге) – 175 000;
Кепілдік жарнаның сомасы (теңге) – 145 850;

3.Жер учаскесінің нысаналы мақсаты – ғимараттар құрылысы және оған қызмет көрсету үшін (құрылыс, ғимарат);
Жер учаскесінің орналасқан жері – Ақмола облысы, Зеренді ауданы, Қанай би ауылдық округі, Игілік ауылы;
Жер учаскесінің алаңы (гектар) – 0,50;
Сату объектісі (құқық түрі) – жеке меншік;
Жер учаскесіне ауыртпалық салу – жоқ;
Жер салығының сомасы (теңге) – 4 320;
Бастапқы бағасы (теңге) – 525 000;
Кепілдік жарнаның сомасы (теңге) – 145 850;

4.Жер учаскесінің нысаналы мақсаты – инертті, құрылыс материалдарын қоймалау және құрылыс, өндірістік базаға қызмет көрсету үшін;
Жер учаскесінің орналасқан жері – Ақмола облысы, Зеренді ауданы, Қонысбай ауылдық округі;
Жер учаскесінің алаңы (гектар) – 4,0;
Сату объектісі (құқық түрі) –жер учаскесін алу құқығымен 10 жыл мерзімге уақытша өтеулі жер пайдалану
Жер учаскесіне ауыртпалық салу – жоқ;
Жер салығының сомасы (теңге) – 34 560;
Бастапқы бағасы (теңге) – 1 176 000;
Кепілдік жарнаның сомасы (теңге) – 145 850;

5.Жер учаскесінің нысаналы мақсаты – мал шаруашылығы базасы құрылысы және оған қызмет көрсету үшін;
Жер учаскесінің орналасқан жері – Ақмола облысы, Зеренді ауданы, Еленовка ауылы, Бұлақ ауылдық округі;
Жер учаскесінің алаңы (гектар) – 3,0;
Сату объектісі (құқық түрі) – жеке меншік;
Жер учаскесіне ауыртпалық салу – жоқ;
Жер салығының сомасы (теңге) – 25 920;
Бастапқы бағасы (теңге) – 4 987 500;
Кепілдік жарнаның сомасы (теңге) – 249 375;

6.Жер учаскесінің нысаналы мақсаты – ғимараттар құрылысы және оған қызмет көрсету үшін (құрылыс, ғимарат);
Жер учаскесінің орналасқан жері – Ақмола облысы, Зеренді ауданы, Қонысбай ауылдық округі;
Жер учаскесінің алаңы (гектар) – 2,0;
Сату объектісі (құқық түрі) – жеке меншік;
Жер учаскесіне ауыртпалық салу – жоқ;
Жер салығының сомасы (теңге) – 17 280;
Бастапқы бағасы (теңге) – 2 877 000;
Кепілдік жарнаның сомасы (теңге) – 145 850;

7.Жер учаскесінің нысаналы мақсаты – стационарлық емес, шатырлы құрылыстар мен конструкцияларды орнату үшін;
Жер учаскесінің орналасқан жері – Ақмола облысы, Зеренді ауданы, Зеренді ауылдық округі;
Жер учаскесінің алаңы (гектар) – 0,50;
Сату объектісі (құқық түрі) –жер учаскесін алу құқығымен 10 жыл мерзімге уақытша өтеулі жер пайдалану
Жер учаскесіне ауыртпалық салу – жоқ;
Жер салығының сомасы (теңге) – 4 320;
Бастапқы бағасы (теңге) – 147 000;
Кепілдік жарнаның сомасы (теңге) – 145 850;

8.Жер учаскесінің нысаналы мақсаты – инертті, құрылыс материалдарын қоймалау және құрылыс, өндірістік базаға қызмет көрсету үшін;
Жер учаскесінің орналасқан жері – Ақмола облысы, Зеренді ауданы, Қонысбай ауылдық округі;
Жер учаскесінің алаңы (гектар) – 2,0;
Сату объектісі (құқық түрі) –жер учаскесін алу құқығымен 10 жыл мерзімге уақытша өтеулі жер пайдалану
Жер учаскесіне ауыртпалық салу – жоқ;
Жер салығының сомасы (теңге) – 17 280;
Бастапқы бағасы (теңге) – 575 400;
Кепілдік жарнаның сомасы (теңге) – 145 850;

9.Жер учаскесінің нысаналы мақсаты – стационарлық емес, шатырлы құрылыстар мен конструкцияларды орнату үшін;
Жер учаскесінің орналасқан жері – Ақмола облысы, Зеренді ауданы, Зеренді ауылдық округі;
Жер учаскесінің алаңы (гектар) – 0,50;
Сату объектісі (құқық түрі) –жер учаскесін алу құқығымен 10 жыл мерзімге уақытша өтеулі жер пайдалану
Жер учаскесіне ауыртпалық салу – жоқ;
Жер салығының сомасы (теңге) – 4 320;
Бастапқы бағасы (теңге) – 147 000;
Кепілдік жарнаның сомасы (теңге) – 145 850;

10.Жер учаскесінің нысаналы мақсаты – ғимараттар құрылысы және оған қызмет көрсету үшін (құрылыс, ғимарат);
Жер учаскесінің орналасқан жері – Ақмола облысы, Зеренді ауданы, Зеренді ауылы, Зеренді ауылдық округі;
